



АҚЖОЛТАЙ

Осы аптадағы жағымды жаңалық – аналарымен бірге Ирак түрмесінде жатқан 14 баланың елге қайтарылуы. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылған гуманитарлық акция нәтижесінде іске асты. Ұл-қыздардың аналары лаңкестік әрекетке қатысы бары үшін сотталып, жатқұрттағы түрмеде жазасын өтеп жатыр.

Ізгілік шарасын балалардың аналары мен туған-туыстарының сұрауы бойынша, сыртқы істер министрлігі бірқатар мемлекеттік органдар, отандық бейресми құрылымдар және халықаралық ұйымдармен тығыз байланыса отырып жүзеге асырды.

Нұр-Сұлтанда өткен баспасөз мәслихатында сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаев: «Ирак билігіне және осы акцияны жүзеге асыруға атсалысқан барлық тұлғалар мен ұйымдарға

көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін шынайы алғысымызды білдіреміз», — деді.

Сондай-ақ ол құжаттандыру және оналту кезеңі аяқталғаннан кейін балалар өз туыстарымен қауышатынын айтты.

Иракка жедел топпен бірге барып, балаларды елге жеткізу ісіндегі

Өздеріңіз бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білгендей, аналар мен балалар Ирактағы түрмелер мен балалар үйінде болған. Ол жактан барлық қазақстандық баланы алып шықтық. Біреуі — тұл жетім. Әке-шешесі, қарындастары мен бауырлары ғимараттағы жарылыс кезінде мерт болған», — деді ол.

Станислав Василенконың айтуынша, елімізге оралған балалардың дені Ирак жерінде дүниеге келген. Екеуі ғана



фото: zokan.kz

14 БАЛА ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

жауапты адамдардың бірі — сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырма жөніндегі елшісі Станислав Василенко. «Бұл — 7-8 ай бойы жүргізілген толағай жұмыстың нәтижесі.

Қазақстанда туған. 14 баланың 8-і — қыз, 6-ауы — ұл. Ең үлкені — 12 жасар ұл. Ең кішісі — 2 жасқа да толмаған қыз бала. «Шынымызды айтсақ, Бағдатта бәрі тыныш деп ойлаймыз. Бірақ, жағдай олай емес. Шерулер мен қактығыс болып жатыр. Әр көшенің қиылысында блок-бекет тұр. Әскер қалаға кіргізілген. Бәрі тыныш деуге келмейді», — деген ол гуманитарлық акцияның сәтті өткенін жеткізді.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

ЖОБА

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ФРАНЦИЯДА!

Париж қаласында тұратын отандасымыз Әйгерім Ерсайынова өзі құрған Қорқыт ата атындағы Қазақ мәдени орталығының жұмысын Астанада таныстырды.

ҚазАқпарат тілшісіне берген сұхбатында ол: «Біздің орталық балаларға қазақ тілі мен қазақ өнерін үйретіп, қазақ биі, халықаралық аспаптар, фортепиано, колөнер және тоғызқұмалақ



фото: ult.kz

үйірмелерін ұсынады. Оған қоса, жылына 12 мереке өткіземіз. Қазақстаннан келген ансамбльдерге гастрольдік сапар ұйымдастырамыз. Мәселен, жақында ғана Астана мюзикл театрының және Әуезов театрының өнер сапарына көмек көрсеттік. «Отандастар» қоры ұйымдастырған «Кастерлі қалам» жобасы аясында Францияда да қазақ сыныбы ашылып жатыр. Ана тілін ұмыта бастаған жастарға қазақ тілі пәнін оқытудамыз», — деді.

Әйгерім «Кастерлі қалам» жобасының арқасында көп мәселені шешіпті. Мәселен, Наурыз мерекесін өткізген кезде «Отандастар» қоры ұлттық киімдер, мереке өткізуге қажетті керек-жарактармен көмектескен.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛАҚАЙ, БІЗДІҢ БАЛАҚАЙ!

Жас әнші Ержан Максим еліміздің көк туын Польшада желбіретті. Ол Гливице қаласындағы «Балалар Евровидениесі 2019» байқауында екінші орын алды.

Жас талант сахнаға 10-нөмірмен шығып, «Арманыңнан қалма» өнін орындады. 19 мемлекеттің жас өнерпаздары бақ сынаған байқауда жерлесіміз 227 балл жинады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Ержанды жаңа жұлдесімен құттықтады. «Бұл теңдесі жоқ, тамаша жетістік! Сені, ата-анаңды және ұстаздарыңды осындай маңызды жеңіспен құттықтаймын. Алар асуларың биік болсын! Алға!» деп жазды Президент twitter парақшасында.



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
62,89

DOLLAR
386.31

EURO
425,40

РУБЛЬ
6,04

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Өткен аптада Атырауда белгілі жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың театр фестивалі өтті. Сол сапарымызда Германиядан келген қонақ, Еуропа қазақтары ұйымының мүшесі Сүлеймен Шадкаммен танысудың реті түсті. Сүлеймен мырзамен Еуропадағы қазақтардың тыныс-тіршілігі, Германияда білім алып жатқан қазақ жастары туралы емін-еркін әңгіме-сұхбат құрдық. Әсіресе, Еуропада туып-өскен қазақ жастарының тағдыры туралы алаңдаған азаматтың жүрек сөзін жарияламау қиянат болар еді.



Сүлеймен ШАДКАМ:

АҚШАҒА ҚҰЛ БОЛҒАНДАРДЫ КӨРГЕНДЕ, ДЕНЕҢ ТҮРШІГЕДІ

Jas qazaq: Сүлмеймен мырза, елге қош келіпсіз! Шадкам деген тегіңіз көңілді бірден аударары екен. Қай тілден алынған?

С.Шадкам: Парсы тілінен алынған есім ғой. Біздіңше «шаттық», «қуаныш» дегенді білдіреді.

Jas qazaq: Қазақ жеріне осымен нешінші рет келіп тұрсыз?

С.Шадкам: Биылдың өзінде 11-рет ат басын бұрдым. Ал жалпы Атажұртқа жүзден артық сапар шектім. Тіпті кейбірі есімде қалмапты. Ең алғаш 1986 жылы келгенмін.

Jas qazaq: Ең бірінші келген кезіңіз бен осы жолғы сапарыңызда Қазақстаннан қандай айырмашылықты байқадыңыз? Неге көңіліңіз толды, неге көңіліңіз толмады? Не өзгеріпті, не өзгермепті?

С.Шадкам: Атажұртқа жасаған алғашқы сапарым кеңес үкіметі тұсына тура келген-ді. Ол кезде бәрі басқаша еді. Елге тікелей келу мүмкіндігі жоқ-тұғын. Мәскеу арқылы келеміз. Жасыратыны жоқ, ол уақытта орыс та — орыс, қазақ та орыс болатын. Ол кезбен салыстырғанда, елдің өмірінде өзгеріс көп. Рухани өзгеріс қана емес, материалдық жағынан да өрлеу бар. Мәселен, жана ғимараттар салынған. Алайда мұның екінші жағы тағы бар. Әр жолғы сапарымда әуесжайдан орысша шүлдірлескен ұл-қыздарды көргенде, жүрегім сыздап кетеді.

Jas qazaq: Қазақ ауылдарындағы тіршілік өзгерген бе?

С.Шадкам: Ол кезде бізді өз еркімізбен жіберген жоқ. Кеңес одағының қылышынан қан тамып тұрған уақыт қой. Бір ай бойы тек қана музей аралатты. Содан ашуландым. «Мен Қазақстанға музей аралау үшін келген жоқпын. Елді, ауылды, қазақты көргім келеді» дедім. Жамбыл облысындағы Жасөркен деген ауылға алып барды. Әр түрлі ұлт өкілі тұрады екен. Бәрі қазақша сайрап жүр. Қазақ ауылдарының бәрі Жасөркен сияқты қазақша сайрап тұратын, қазақы рухты болар деп ойлады. Сол ауылда болған үш күнім есімнен бір кетпейді.

(Жалғасы 3-бетте)

Аптаның айтары



Қуаныш СҰЛТАНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Ұлттық мейрамдарымыз, Наурыз мейрамымыз бар. Осындай кезде мектептерде оқушыларға, оқушылар арқылы олардың ата-аналарына тапсырма беріп, мектептерге бір нәрселер әкелгізіп, дастархан жайғызуды қашан қоямыз? Осыларды тоқтатайық та. Наурыз мейрамы бауырсақ пісірумен бітпейді ғой. Ұлттық намысымыз, патриоттық рух қайда? Біздің енұранымыз, туымыз қайда? Осыларға өкпін беруге керек».

1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

Еліміз егемендік алып, еңсесін тіктеген 1991 жылы ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Тарихтың тың парағы ашылып, жаңа тарихты жаза бастасақ та, ол уақытты оңай болды деу жөн емес. Тәуелсіздігіне енді қол жеткізген мемлекеттің экономикалық реформалары өзгеше сипат алды. Жаңа Конституцияға сәйкес экономикадағы нарықтық қатынас алаға шықты. Ұлттық валюта енгізілгеннен кейін 1994 жылы қатаң қаржылық-несиелік бағам саясаты жарияланды. Бұл өз кезегінде макроэкономиканың қалыпқа келуіне ықпал етті. Ұлттық валютаның пайда болуы Қазақстан экономикасындағы айтулы тарихи қадам болды. Кезекті экономикалық реформалар 1996-1998 жылдар аралығын қамтыды. Бұл тұста макроэкономикалық тұрақтандыру үрдісі тәмамдалып, инвестициялық экономикалық өсім бағдарламасы тұжырымына өту кезеңіне аяқ басты.

құлдырау мен дағдарысты өткерді және мемлекетті жақсы нәтижемен жана мың жылдыққа алып келді. Аталған уақыт аралығында ол бүгінгі күндегі Орталық Азиядағы ең күшті мемлекет құрды, Қазақстан мен оның ішкі энергетикалық секторын ашты», — деп жазылған.

Ішкі экономика сәйкесінше ретке келгеннен кейін сыртқы экономикалық қатынастарды реттеу сыртқы саяси мәмілегерлікпен тығыз байланысты

реформа» негізінде Елбасы дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру міндетін қойды. Нұрсұлтан Назарбаевтың осынау экономикалық стратегиялық бастамалары және оларды жүзеге асыруға әлемдік кеңістік те назарын салып, стратегиялық бастамаларға жоғары баға берді. Мәселен, саясаттанушы, РФ Ұлттық стратегия институты халықаралық бағдарламалар бойынша басшысы Юрий Солозобов өзінің «Нұрсұлтан Назарбаев — жаһандық көшбасшы» атты мақаласында



МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЫҢ ҮЛГІСІН ЖАСАДЫҚ

1997 жылы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан дамуының «Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасын жариялады. Елбасының басшылығымен жарияланған стратегия Қазақстан экономикасының әрі карай дамуына сеп болды. «Қазақстан — 2030» даму стратегиясы ұлттық қауіпсіздік; ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды біртектендіру; экономикалық өсім; денсаулық, білім беру және Қазақстан азаматтарының әл-ауқаты; энергетикалық ресурстар; көлік және байланыс негізінде инфрақұрылымды дамыту; кәсіби үкімет сынды 7 әлеуетті мақсатты көздеді. Осылардың ішінде экономикалық өсім жас мемлекеттің қарқынды дамуына ықпал етер негізгі көзірі еді. Стратегияға сәйкес экономикалық өсім жоғары деңгейлі шетелдік инвестиция мен ішкі жинақтарды тарту арқылы ашық нарықтық экономика құруға негізделді.

Елбасының тікелей жетекшілігімен казіргі уақытқа дейін жасалған экономикалық реформаларды есепке алсақ, еліміз экономикалық қарқыны бойынша жаһандағы дамушы мемлекеттердің қатарына еніп, дамыған мемлекеттермен бірқатар салалар бойынша теңесе алатын деңгейге жетті. Дүниежүзілік банктің саралауына сәйкес Қазақстан ішкі жалпы өнімде кірісі орта деңгейдегі мемлекеттер арасында алға шығып, Сербия, Болгария секілді елдерді басып озып, Түркия, Бразилия, Малайзиямен нық теңестірді. Егемендік алған кезеңнен бастап Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел экономикасының кең қанат жайып, тұрақтануына қаншама реформалар жариялап, оларды жүзеге асырды. Әсіресе экономика құлдырап, халықтың әлеуметтік жағдайы күрт төмендеген 90-жылдары Нұрсұлтан Әбішұлы тұралап қалған мемлекеттің экономикалық әлеуетін көтеру жолында еңбек сіңірді. Еліміз экономикасының дамуына түрткі болар заңдар қабылданды. 2018 жылы АҚШ-тың Stratfor зерттеу-сараптау компаниясы өзінің сайтында «The More Things Change, the More Kazakhstan Stays Important» деген сараптамалық материал жариялады. Мақалада «Қазақстан егемендік алған сәттен бастап білікте болған ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ауқымды экономикалық реформалар жасады. Президент республиканы Кеңес Одағының соңғы күндері басқарып, КСРО-ның құлауы сайдарынан болған

болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әуелі жақын көрші елдермен саяси-экономикалық мәмілелерге қол жеткізді. Олардың қатарында Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты көптеген елдер бар. Шетелдік инвесторларды тарту арқылы елде жана зауыттар, кәсіпорындар, өндіріс ошақтары бой көтеріп, жана жұмыс орындары ашылды. Халықты жұмыспен қамту бірінші көзделген мақсат еді. Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин өз сөзінде Қазақстанмен экономикалық жағдайдың жақсы екенін және тауар айналымының өсіп келе жатқанын айтқан еді. «Қазақстан ТМД кеңістігінде біздің сауда-экономикалық әріптестеріміздің ішінде Белоруссиядан кейін екінші орын алады. Оның үстіне экономика саласындағы біздің қарым-қатынасымыздың бағыты да сан қилы: бұл жоғары технологиялар, ғарыш, көмірсутегі, бұл көлік саласы. Енді бұған Қазақстан мен Ресей үшін де әлеуеті жоғары саналатын туризмді қосайық», — деген еді.

«Қазақстан — 2030» стратегиялық жоспары негізінде экономиканы аякқа көтергеннен кейін де Елбасы жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау жариялап, онда халықтың әл-ауқатын дамыту, экономикаға тын серпін беруге қатысты бағыт-бағдар беріп отырды. 2015 жылы Нұрсұлтан Назарбаев бес институтционалдық реформа ұсынды. Бұл реформаны жүзеге асырудың құралы ретінде «100 нақты қадамды» алға тартты. Яғни «100 нақты қадам» жаһандық және ішкі сын-кәтерлерге жауап және жана тарихи жағдайларда ұлттын дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Аталған қадам «2050 стратегиясын» жүзеге асырып қана қоймай, еліміздің мемлекеттілігін нығайтуға тікелей сеп болмақ. «Бес институционалдық реформаның» үшінші тармағында индустрияландыру және экономикалық өсім бөлімі бар. Мұнда мемлекеттің алдағы тың экономикалық бағыты, ішкі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тетіктері қарастырылған. Бұл реформалар Елбасының жетекшілігімен құрылып қана қоймай, оны жүзеге асыру жолдары да бекітілді. Бұған дейінгі «Қазақстан — 2030» стратегиясында дамыған 50 елдің қатарына кіру мақсаты тұрған еді. Қазақстан бұл мақсатқа қол жеткізіп, жаһандық-саяси аренада да, ішкі экономикалық-тенденцияда да орасан зор жетістіктерге кенелді. 2015 жылы «Бес институционалдық

«Нұрсұлтан Назарбаев көрегендік қасиетін стратег қабілетімен бітістіре алған әлемдегі санаулы саясаткерлердің бірі. Қазақстан Президентінің басқарудағы басты ұстанымы: саяси үрдістердің сонынан еру емес, оларды бағыттап, болашақпен басқару. Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі алғашқы стратегиялық жоспарлау моделіне өткен алғашқы мемлекеттердің бірі болғандығы да тегін емес. Қазақстан мемлекетінің ұзақ мерзімді даму басымдықтары «Қазақстан — 2050» стратегиясы мен бар әлемде қызығушылық тудырған «Нұрлы жол» жүйелік даму бағдарламасы анықтады», — деп жазды.

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отыз жылда Қазақстанды дамыған, экономикалық әлеуеті мықты, жаһандық аренада ұстанымы қалыптасқан және жаһан кеңесе алатын мемлекет ретінде құрды. 2019 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы президенттік лауазымын тоқтатып, саяси аренада маңызды тарихи шешім қабылдады. Елбасының бұл шешімін тек Қазақстан халқы ғана емес, бар әлем ерекше ізгілікпен және толқыныспен қабылдады десек, артық айтқандық емес. Бүгінде Елбасының аясы, экономикалық бағамын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастырып келеді. Еліміз ішкі-сыртқы саяси ұстанымын әрі қарай бекемдей түссе, экономикалық тұрғыда Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының ұстанған саясатын жалғастырып, «2050 стратегия», «Бес институционалдық реформа», «Нұрлы жол» реформаларының орындалу бағытына басшылық жасауда.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына арнаған Жолдауында халықтың әл-ауқатын көтеру, экономиканы дамыту, сыртқы саясаттағы Елбасы ұстанған бітімгерлік саясатын жалғастыру т.б мәселелерге баса назар аударды. Қазақстан әрі қарай да даму жолын жалғастыра бермек. «Бірінші — экономика, содан кейін — саясат» қағидатын ұстанып, қиын жылдары елде нарықтық реформа жүргізіп, мемлекетті дағдарыс пен кикілжіңдерден ада қыла алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың экономикалық моделі бүгінде әлемде даму жолына бағдар болып, мақсатына қол жеткізген мемлекеттің тың үлгісін жасап берді.

Оралбек БОТБАЙ,
финантрон, профессор

Әлеумет.т⁰

БІЛІМДЕ СҰРАҚ КӨП, ЖАУАП ЖОҚ

Білім сын көтермейді. Осы сөзді айтқалы қашан? Тәуелсіздік алғалы бері айтып-жазып келеміз. Тіпті басқа министрліктермен салыстырғанда, «Бас мұғалімі» ең көп ауысатын сала білім және ғылым министрі екені ешкімге құпия емес. Неге? Мұның бәрі білім саласының бірізділікке түспеуінің нақты көрінісі. Білім жүйесіндегі былықтың бір мысалы ғана.

Әйтсе де, осындай қалың сынның алдын алу үшін бе, әлде шынымен білім жүйесін реформалауды қолға алды ма, әйтеуір, осы аптада бір қозғалыс байқалғандай. Білім және ғылым министрлігі 13 университетті тексерді. 13-тің ішіндегі бес жоғары оқу орнынан заңсыздықты анықтады. Сөйтіп 1 айға дейін әлгі білім ордаларының лицензиясы уақытша тоқтатылды. Атап айтсақ, Шымкенттегі аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, Павлодардағы инновациялық Еуразия университеті, Алматы университеті, Өскемендегі Қазақстан-Американдық еркін университеті, Ақтөбедегі Казак-орыс халықаралық университеті. Одан бөлек, 12 университетке айыппұл салынып, тағы бір оқу орнының ісі сотқа жіберілген. Білім және ғылым министрлігі «талапқа сай емес» деп тапқан дәл осындай университеттерді лицензиясынан айыру құқығын өз мойнына алып отыр. Демек, бұл тізім әлі жалғасуы мүмкін.

Жасыратыны жоқ, еліміздегі көпсалалы оқу орындарының бәрінде педагог дайындалады. Ұстаздың көп болғаны жақсы ғой. Алайда бас-басына мұғалім тәрбиелеу қандай қажеттіліктен туып отыр? Бұл да сұрақ. Сан көбейсе, сапа да нашарлайды. Ол — заңдылық. Сондықтан, министрлік болашақ мұғалімдерді оқытатын 85 университеттің санын 25-ке азайтуды көздепті. Қалғандарының лицензиясын қайтарып алады деген сөз. Сонда әр аймақта бір ғана жоғары оқу орнында мұғалім дайындайтын арнайы факультет болады. Қалғандарында ондай құқық болмайды. Алматыда ғана бірнеше университетте педагогикалық білім беріледі.

Білім саласындағы олқылықты індете берсен, тамыры теренге тартқанын түсіну қиын емес. Мәселен, кейбір оқу орындарында бір жылда бір факультетке 100 студент түссе, келер жылы 800 студент диплом алып шығады екен. Бұл қалай? Әлеуметтік желідегі жұрт кей университеттен құдаланған, оқуын аяқтай алмай қалған студенттердің басқа білім ордасына барып, орта жолдан қосылып, ақшасын төлеп, дипломын алып шығатынын көлденең тартуда. Бұл да негізсіз әңгіме емес.

Жана оқу маусымы басталғалы жарты жылдан асты. Университеттерде сабақ қызу жүріп жатыр. Ал кейбір университеттерге алыс-жақын шетелден 37 мың студент ауысып келіпті. Оқу маусымы болса орталап қалды. Ал олар жол ортадан қалай қосылады? Ондай білімде сапа бола ма? Бұл қандай заң негізінде жүзеге асып отыр? Оған бас қатырып отырған университет басшылары бар ма? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Сөз-Жебе

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және қоғамдық даму министрі



«Біз шетелдегі қандастарды қолдаудың жаңа тетігін кешенді түрде пысықтап жатырмыз. Ол — халықаралық тәжірибеге негізделген механизм. Екіншіден, министрлік этникалық қазақтардың елімізге көшу рәсімін оңтайландыруға бағытталған жүйелі шаралар әзірлеу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Біз адамдардың «қандас» мәртебесін алуға өтініш беруінен бастап қазақстандық паспорт бергенге дейін барлық процесті талдап, келесі шараларды таңдадық: Қандастардан сұралатын құжат санын 46-дан 20-ға дейін қысқартамыз».

Ашығын айтқанда...

Азат ПЕРУАШЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Оқушының бағасын білу — ақылы, мұғалімнің сын-ескертпелерін білу — ақылы, ұялы қосымшамен кіру — ақылы. Мұның барлығы білім беру жүйесінің құрамына кіреді. Ата-ана мұғалімнің сын-ескертпесін білмейтін болса, баласының үлгерімін қалай бақылап отырады?»



Азамат ӘМІРІН,
Ұлттық экономика министрлігі салық және кеден саясаты департаментінің директоры:

«Жанармайдың өзіндік құнын жалғыз

акциз ғана құрамайды. Сондықтан акциз құны 10 теңгеге өскенімен, бензин де 10 теңгеге өседі деген сөз емес. Мысалы, 2015 жылы біз акцизді 4,5 мыңнан 10,5 мың теңгеге көтердік. Бірақ жанармай бағасы нарықта соншалықты қатты қымбаттаған жоқ».

1x2

Жангелді ШЫМШЫҚОВ,
ЭКОНОМИСТ:

«Әр түрлі әлеуметтік, ақшалай, тұрғын үй жағынан көмек, тағы басқа. Осының барлығы бюджетке үлкен салмақ салғаны түсінікті. Біресе есепшоттарды бір-біріне ауыстырғанда, оған салық салу керек дейді. Айналып көлгенде, енді бензинге салық саламыз дейді».



(Басы 1-бетте)

Жас qazaq: Өзіңіз қайда туып, қайда өстіңіз?

С.Шадкам: 1957 жылы Иранның Бандарша деген қаласында туып-өстім. Қазақтар «Дендерше» дейді. Қазіргі аты — Бендертүркмен. Түркімендер көп тұрады. Бендер деген сөз орысша порт дегенді білдіреді. Теңіз порты. Каспийдің арғы бетіндегі жағалаудағы қала. 1979 жылы түркімендер жеке автономия құрамыз деп бас көтерді. Бас көтергендердің бәрін бүлікшілер, терроршылар деп атып, соттады. Мен де сол ереуілдің ішінде болғам. Бас сауғалап Түркияға қаштым. Менің аман қалуым — сол кезде Иранда сот төрағасы болып аты дүрілдеп тұрған Мұхаммед Ескелді деген ағамның арқасы. Сол кісі көмектесіп, Түркияға шығарып жіберді. Екі айдан кейін бірден Германияға кеттім. Сонда қалып қойдым.

Жас qazaq: Түркімендерге неге қосылып жүрсіз?

С.Шадкам: Біз тұрған қалада саны жағынан да, әлеуметтік жағынан да ықпалдысы түркімендер болды. Олар билікке келсе, қасынан табылмағанымыз азаматтығымызға сын емес пе?! Оның үстіне, түркі тілдес халықпыз. Түбіміз бір туысқанбыз дегендей. Жастық жігер де болды бойымызда. 22 жастамын. Германияға барған соң женгенмен таныстым. Ол кісі орта жүздің қазағы, найманның қызы. Халифа Алтайдың көшінде болған, Тибет арқылы Түркияға барған қазақтардың ұрпағы. Ол кезде біздің мақсатымыз — қалайда қазақ болып қалу еді. Сол үшін де алман (*неміс*) жерінен қазақтың қызын іздеп тауып, бас құрадым.

Жас qazaq: Алман елінде жалпы қанша қандасымыз бар? Олар қандай кәсіппен айналысады? Жастардың елге келуге деген ықыласы бар ма?

С.Шадкам: Германияда 300-ге жуық қазақ шаңырағы бар. Көлін (Кельн) қаласында 250, одан кейін мен тұратын Мюнхенде 100 шаңырақ бар. Берлинде 40 әулет тұрады. Олардың бәрі Түркиядан барған қазақтардың ұрпағы. Ал Ираннан 4-5 адам ғана бармыз.

Германияда тұратын қазақтар әртүрлі салада жұмыс істейді. Жоғары билікте, яғни министр немесе депутат болып отырған ешкім жоқ. Бірақ министрліктің ішінде, әкімшіліктерде әртүрлі қызметте отырған қазақтар бар. Жоғары білімді бас дәрігер, инженер болып жүрген азаматтар да жоқ емес. Біздегі ең үлкен мәселе — жастардың тағдыры. Тіпті Қазақстанды

өркендеуіне қосындар. Бұл жақта басқа ұлтпен бас құрап, жатжұртта қалып қоймаңдар» деп ескертіп отырамын. Алматы мен Нұр-Сұлтанның, Қазақстанның әр аймағынан барып оқып жатқан талай жастың үйлену тойына бас құла ретінде қатысып, сол жақтағы рухани әкелері болып жүрмін.

Тоқсаныншы жылдардың басы болатын. Қазақстаннан барған екі жігітпен таныстым. Бір жылдай үйімде болды. Біз не ішіп-жесек, соны бердік. Туған бауырымдай болып кетті. Бір күні олар «бизнес істесек» деген соң, банктен қарыз ақша алдым. Қазақстанға машина таситын болдық. Ол кезде бұл жақта неміс көліктерінің саудасы жүріп тұрған. Қысқасы, әлгі екі жігіт мені тақырға отырғызып, өздері зым-зия жоқ болды.

Жас qazaq: Әдетте шетелде оқып жатқан қазақ жастарының ерсі қылығы туралы көп айтылып, жазылып жатады.

Германияда білім алып жүрген қазақ жастарынан сіз ондайды байқаған жоқсыз ба?

С.Шадкам: Шынымды айтайын, алман еліне барып білім алып, сонда тұрып қалған қарақөз қыз-жігіттердің бойынан ондай ерсі қылық байқай қойған жоқпын. Бірақ оларды күндіз-түні бағып жүрген жоқпын ғой. Жас болған соң қыдыратын шығар, ішіп-жейтін шығар? Ол жағынан хабарым жоқ. Қылмыс жасаса, қоғамдық тәртіпті бұзса,



Сүлеймен ШАДКАМ:

АҚШАҒА ҚҰЛ БОЛҒАНДАРДЫ КӨРГЕНДЕ, ДЕНЕҢ ТҮРШІГЕДІ

1979 жылы түркімендер жеке автономия құрамыз деп бас көтерді. Бас көтергендердің бәрін бүлікшілер, терроршылар деп атып, соттады. Мен де сол ереуілдің ішінде болғам. Бас сауғалап Түркияға қаштым. Менің аман қалуым — сол кезде Иранда сот төрағасы болып аты дүрілдеп тұрған Мұхаммед Ескелді деген ағамның арқасы. Сол кісі көмектесіп, Түркияға шығарып жіберді. Екі айдан кейін бірден Германияға кеттім. Сонда қалып қойдым.

көрмеген жастар қаншама! Байланыс мүлде аз. Көбінің туыстары Түркияда тұратындықтан, сол жақпен ғана қарым-қатынас жасайды. Бұл жақта жақындары болмаған соң, аралас-құралас болатын мүмкіндік аз. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына келгендер болмаса, жалпы Алмания қазақтарының 70 пайызы Қазақстанды бірде-бір рет көрмеген. Оның үстіне, қымбатшылық та Германия қазақтарының келіп-кетуіне кесірін тигізіп отыр. Алматыға бір рет барып-қайтуға кететін ұшақ билетінің құнына Түркияда, теңіз жағасында екі апта демаласыз. Алайда бұл да себеп емес. Ең басты себеп — рухта. Елге келуге, қосылуға деген рух болса, ақша қолбайлау болмас еді деп ойлаймын.

Жас qazaq:

Қазақстаннан барған бауырларыңызбен араласып тұрасыз ба? Мұны сұраған себебім, шетелде оқып жатқан қазақ жастары туралы білгім келген еді.

С.Шадкам: Қазақстаннан Германияға барып оқып жатқан жастардың бәрімен қарым-қатынасымыз өте жақсы. Ата-анасын, елі мен жерін сағынғанда, үйге шақырып, ас-суымды алдарына тосып, қонақ қып қайтарамын. Білген ақылымды айтып тұрамын. «Оқуды бітірген соң елдеріне қайтындар. Алған білімді еліңнің

тікелей Қазақстан елшілігіне хабар береді. Мен елшілікпен қарым-қатынас жасап тұрамын. Қазірше қазақтардың жаман атын естіртіп жатқан жоқ.

Соңғы жылдары Германияда оқып немесе жұмыс істеп жүрген жастар әлеуметтік желіде топ ашып, сол жерде сөйлесіп жатады. Өзара орысша әңгімелеседі. Орысша білмеген соң, не деп жатқандарын түсінбеймін. Арасында біреуі қазақша сөйлеп қалса, қуанып қалады екенсін. Әртүрлі жағдай болады ғой. Оқуын аяқтай алмай қалғандары да бар. Арасында ішкілікке салынып жүргендерін де көрдім. Бірақ ондайлардың саны көп емес. Көпке топырақ шаша алмаймын.

Жас qazaq: Шетелдікке тұрмысқа шығып жатқан қыздар тілінен, дінінен айырылып жатқан жоқ па?



Сүлеймен ШАДКАМ жұбайымен

С.Шадкам: Екі ұлым бар. Екеуі де үйленді. Үлкен баламды 13 жасында Қазақстанға алып келдім. Осында оқыды, жоғары білім алды. Осы жақта жүріп үйленді. Келінім Қызылорданың қызы. Қазір қолымызда тұрып жатыр. Ал кенже ұлым өзімен бірге оқыған түріктің қызын алды. 6-7 жыл қыз-жігіт болып араласыпты. Сосын батамды бердім. Үлкен ұлым қазақ топырағында қалып, осында жұмыс істегісі келген. Бірақ бір жылдай жұмыссыз жүрді де, Германияға қайтты. Қазір мамандығы бойынша тәп-тәуір жұмыс істеп, отбасын асырап отыр. Ал өзім 25 жылдан бері теміржол саласындамын. Теміржолдың күзет басқармасының басшысымын.

Жас qazaq: Біздегі жастардың қай қылығына қарныңыз ашады? Мысалы, алаяқтық, өтірік айту, уәдеде тұрмау, жалқаулық деген сияқты жаман әдет белен алып бара жатқандай. Сізге байқалмай ма?

С.Шадкам: Байқалғанда қандай?! Біреудің ақшасымен бір күнде байып кеткісі келетін, біреуді алдап-арбап, ақшасын тонап кеткісі келетін суық мінез бар. Басымнан өткен бір жағдайды айта кетейін. Тоқсаныншы жылдардың басы болатын. Қазақстаннан барған екі жігітпен таныстым. Бір жылдай үйімде болды. Біз не ішіп-жесек, соны бердік. Туған бауырымдай болып кетті. Бір күні олар «бизнес істесек» деген соң, банктен қарыз ақша алдым. Қазақстанға машина таситын болдық. Ол кезде бұл жақта неміс көліктерінің саудасы жүріп тұрған. Қысқасы, әлгі екі жігіт мені тақырға отырғызып, өздері зым-зия жоқ болды. Ондай жағдайға өзім көп куә болдым. Қазақстанға да, өзімізге де пайдасы тиісін деп, талай рет жұмыс бастағанбыз. Бәрінің соны осындай сыырқұйымшақтанып тынды. Тұмсығым тасқа тиген соң, көп жағдайда ішімнен кіріп, сыртыман шығып тұрғандарды көрсем, жүрегім жібімейді. Кейде қол ұшын бергім-ақ келеді. Бірақ бәрібір аузым күйген соң үрлеп ішемін.

Әр жолғы сапарымда байқайтыным — қазақ жастары адасып бара жатқандай. Үлкендердің бар уайымы — ақша. Жастар өзімен-өзі. Германияға барып неміске тиіп жатқан қарақөздерді көргенде, жүрегім талай қан жылады. Соларға біздің қазақ азаматтары ие болса екен! «Сен неге неміске тидің?» деп сұрадым талайынан. «Қазақ жігіт тауып берші» деп аузымды жапты. Міне, осындай жағдай өте көп. Дінінен, ділінен безген, тілінен мақұрым, ұлтын сүймейтін, ақшаға ғана құл боп кеткен жастарды көргенде, тұла бойым түршігіп кетеді. Сіздерге оның бәрі қалыпты жағдай болып көрінуі мүмкін. Ал сырттағы бізге ерсі. Ақшаға құмарлық ашкөздіктен де ауыр дерт.

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Қазақы REALIZM



Фото: tengrinews.kz

САЛЫҚ «КРУТОЙҒА» ҚАРАМАЙДЫ

БҮГІНГІ КАРИКАТУРА



Сурет: Ғалым СМАМУЛ

МЕЙІРІМ ҚАЖЕТ

Балаларды асырап алу мәселесі үнемі назар аударуды, сақ болуды, ертенгі күнге жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Менің ойымша, Балалар үйінен бүлдіршіндерді басында баспанасы бар, бұрын сотталмаған, жат қылықтан ада, медициналық тексеруден өткен адамдар ғана алуы тиіс. Бәрі заңда бекітілген құжаттарға сай болуы керек. Қорыта айтқанда, бала асырап алуға мүмкіндігі бар кісілердің ғана жолы болады. Ал қазір көтеріліп жатқан мәселеге назар аударсақ, балалар үйін бір күнде жабамыз деу — бос әурешілік. Алдымен оған жан-жақты дайындық, сонымен қатар уақыт қажет. Осыған дейін қаншама қарақөздеріміз шетел асты. Ол жақтағы неше түрлі жағдайды естідік.

Біз шетелдіктерге бала асырап алуға рұқсат берудің басы-қасында кімдер тұрғанын жақсы білеміз. Бірақ сол бүлдіршіндердің тағдырына, тәрбиесіне аландап жатқан ешкім жоқ. «Жетім балаларды асырап алып, оны жеке бизнес көзіне айналдырушылар бар»



дегенге сенбеймін. Өйткені, өзiм 13 баланы асырап алып, оларды тәрбиелеп отырмын. Олардың әрқайсысына айына мемлекеттен 25 мың теңге беріледі. Бұл қаржы балаларды пайдалану арқылы бизнес көзін ашты алуға жетпейді. Менің айтайын дегенім — керісінше, бізге мемлекеттен берілетін атаулы әлеуметтік көмекті бала 18 жасқа келгенше берсе. Мысалы, кейбір ата-аналар ұл-қызын не үшін балалар үйіне өткізеді? Өйткені, олардың тұрақты

жұмысы, баланы асырауға жағдайы жоқ. Егер әрбір балаға белгілі бір қаражат төленсе, ол баланы асырауға жетсе, жетім балалардың саны көбеймес еді. Себебі үйдегі алған тәрбие мен балалар үйіндегі тәрбие екі бөлек. Онсыз да ата-ананың жылы сөзін естімеген, жақсылығын көрмей өскен бала жанындағыларға қалай мейірбан болады?

Жетіліп келе жатқан балаларға үнемі көңіл бөлу керек. Айталық, олар неге қиянат жасайды? Ал тәрбиешілер оларды күнделікті қатаң қадағалай алмайды ғой. Зорлық-зомбылықтың көптігі де осыдан. Ал балалар үйін жауып, оларды жеке отбасының тәрбиесіне беру қаншалықты тиімді? Мұның барлығы айтуға оңай. Мәселен, мен балаларды асырап

отырып, көптеген қиындықтарға тап болғанымды жасыра алмаймын. Әр күні, әрбір қиындықты жеңуге тырыстым. Бала бағу және тәрбиелеу деген оңай емес. Ал жетім балалар үйінен әкелінген баланы тәрбиелеу — өте қиын.

Мен өз басымнан өткен оқиғаны айтайын. Ағайынды екі баланы тәрбиеледім. Қанша жақсылық жасасам да, көзінен қатыгездік ұшқыны көрініп тұратын. Мектепте де, сауда орталықтарында да талай рет ұрлықпен ұсталды. Олар әрекетін қанша қой десек те тыймады. Кейін балалардың анасын іздеп тауып, ол бастапқыда бізбен бірге тұрды. Құжаттарын заң жағынан реттеп алған соң анасымен бірге бөлек шығардық. Сол кезде балалар жаман әрекеттерін тыйды. Қазір тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Менінше, ең алдымен «жағдайымыз нашар, баламызды асырай алмаймыз» деген отбасыларға мемлекеттен көмек керек.

Жанар БАЙЖОЛДИНОВА,
*13 бала асырап алған ана,
Нұр-Сұлтан қаласы*

БӘРІ ӨЗІҢІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Біз балалар үйінің барлығын бірден еш уақытта жаба алмайтынымыз шындық. Ол үшін ұзақ жыл керек.

Бірінші кезекте қоғамда жетім бала болмауы үшін алдын алу шараларын қарастырған жөн. Қыз-келіншектер баласын тастап кетпеудің амалын дұрыс ойластырғаннан ұтылмаймыз. Ал бала асырап алғысы келетіндерді ынталандырған дұрыс шығар. Осындайда азаматтарымыздың бойында отаншылдық сезімді оятатын жарнамалық роликтер үнемі көрсетілсе дұрыс болар еді. Бала асырап алған жағдайда олардың әрқайсысын өз балам деп жүрекпен қабылдауы керек. Бойда ықылас-

ниет дұрыс болмаса, бауырына басқаның өсе келе өзін бөтен сезінеді.

Бұдан 11 жыл бұрын ұл асырап алуға бел будық. Жолдасым мен бойжеткен екі қызым қарсы болмады. Қайта інісі болатындығына қуанды. Сөйтіп, нәресте іздеуге кірістік. Көп жүгірдік. Балалар үйінің басшыларын сылтауды тым көбейтіп жіберді. Ақыры іздегенімізді Алматыдан таптық.

Бір жастағы баланың ұйқысы тыныш болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Киймнен, тамақтан тарылған жоқ. Осылайша Асланымыз үлкен азамат бола бастады. Кішкене кезінде тынымсыз еді. Сонда да ұрыспадық, зекімедік. Есейген сайын сабырлы бола түсті. Өсу, ой жағынан қатарлас балалардан кем емес. Қазір 4-сыныпта оқиды. Сабақ үлгерімі жақсы. Спорт секциясына барады. Домбыра үйірмесіне қатысып жүр. Түрлі

Мәселе

Соңғы кездері еліміздегі Балалар үйі төңірегінде түрлі пікір айтылып жүр. Кейбіреулер осы мекемені жауып, ондағы жәутеңкөздерді жеке отбасыларының асырап алуын көздейтін бастама көтерді. Ал енді біреулер мұндай жауапты мәселеде асықпау керектігін, «жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» ұсынады. Бұларды «жетім балалар ертеңгі күні қандай отбасына тап болады?» – деген сауал мазалайды. Біз осы орайда жас ұрпақтың

БАЛАЛАР ҚАНДАЙ ОТБАСЫНА БАРАДЫ?

бүгіні мен ертеңіне бей-жай қарай алмайтын жандардың пікірін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



жарыстан мақтау қағазын алған сайын қоллаштап қоямыз. Мерей өсе түссін дейміз.

Сондықтан, бала асырап алған отбасы оның өміріне қандай жағдайда да бей-жай қарамауы тиіс. Оның бойына қаншалықты ізгілік дәнегін сепсеніз, соншалықты жемісін көресіз.

Бакытгүл ӨШІМХАНКЫЗЫ,
Жамбыл облысы

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚОРҚАМЫЗ

Соңғы күндері Балалар үйінің атауы өзгерді. Алайда алдағы уақытта оның қызметі заманға сай өзгермесе, одан ешқандай нәтиже шықпайды. Сондықтан, бұл салаға реформа қажет деп ойлаймын. Балалар үйін жабу идеясын өз басым қолдаймын. Бірақ мекемедегі балаларды бірден қайда жібереміз? Ел азаматтарының барлығы мыңдаған баланы бірден асырап алуға лайын ба? Сол отбасыларының өзіне қандай жағдай жасалады? Баланың құқығы бұзылса, ол қалай қорғалады? Балалар үйін ұстауға кететін қаражатты мүмкін сол қайырымды отбасыларына беретін боламыз. Сондықтан, бұл өте бір түйткілді мәселе және бірден шешім қабылдау қиын.

Айталық, кейбір отбасылар жәрдемақы алу үшін баланы көптен асырап алады. Ақшаға деген құнығушылық жақсылыққа апара қоймасы да белгілі. Мұндай жағдайды өз басым көрдім. Үйі суық, киімдері де нашар, тонып жүрген отбасы мені ойға қалдырды. Осыдан кейін үнсіз қалуға болмайтынын аңғардым. Сол себепті бала асырап алатын адамдардың тұрмысына мән беру керек. Отбасының адамгершілік



қасиеттерін бірінші орынға қойған жөн. Олар берілетін жәрдемақыға иек артудан бұрын барынша балаға назар аударуы тиіс. Өйткені, ол ендігі жерде өз балаң. Біз ата-аналар бойында осындай жауапкершілікті қалыптастыруымыз тиіс.

Әзірге балалар үйінің болуы, шетелдіктерге берілуі — үлкен бизнес. Сол себепті балалар үйінің бәрі жақын арада жабылмайды. Шетелге бала беру де жалғаса береді деп ойлаймын. Өз басым шетелдегі қазақ балалары туралы арнайы хабар жасау барысында көп нәрсеге көзім жетті.

Тағы бір мәселе, жетім балаларды еліміз тұрғындары асырап алғанда да, құқығы тапталмайтындығына ешкім кепілдік бермейді. Десек те, балалар жетім қалмаса екен деп ойлаймын.

Өркениетті елдерде жетімдер мәселесінің толық шешілуі оның арғы жағында асырап алушыларға жасалатын жағдайға байланысты. Осыдан келіп «жетім балалар үйі» деген түсінік қалыптаспаған. Бар шаруаны әлеуметтік үйлер мен әлеуметтік қызметкерлер атқарып, сенімді отбасыларына баланы заңды түрде береді. Ал әлеуметтік үй қызметкерінің міндеті — балалардың ата-анасыз өспеуін қадағалау. Оларда әр бала отбасында тәрбиеленуі тиіс деген ұғым қалыптасқан. Біз ақырындап осыған келе жатырмыз.

Дегенмен, шетелде де балаларға қарсы зорлық-зомбылық болып тұрады. Мысалы, бұрынырақта АҚШ-та қазақстандық қарақөз Мақсат Айтбаев өзіне-өзі қол салған еді. Одан кейін ағайынды екі баланы өз отбасы зорлап келгені анықталды. Олар заң алдында жауап берді десек те, еліміз тарапынан ешқандай шара қолданылмады. Өйткені, балалар АҚШ азаматы болып табылады. Біз өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласа алмаймыз.

Бүгінде біз соншалықты кедей ел емеспіз. Әр отбасы бір-бір баладан бауырына басар болса, балалар үйінде ешкім қалмайтыны түсінікті. Бірақ біздің азаматтар әзірше өздеріне жауапкершілік алғысы келмейді. Ата-аналар «бұл қандай бала, кімнен туған?» дегенге ерекше мән береді. Ең алдымен, осындай кедергілерді жоюымыз қажет.

Ең бастысы, Қазақстан шетелге бала сатуға мүлде тыйым сала алмайды. Өйткені, халықаралық конвенцияға қол қойған. Егер біз бала асырап алудан бас тартсақ, еліміз халықаралық деңгейде жауап беруге тиісті болады. Бала асырап алу жөніндегі агенттік

өкілдері, тіпті бала асырап алған шетелдік отбасылардың өзімен сөйлескен кезде маған: «Егер Қазақстанда жетім балалар болмаса, біз ол жакқа бармас та едік. Олар өз Отанында өссе, бүкіл балалардың ата-анасы болса, ешкім көз тікпес еді», — деген пікірлері ойымда қалып қойды.

Мамандар, құзырлы орындар жетім балалардың өз ата-анасын табу үшін оның заңдық жақтарын, талаптарын талқылап, содан кейін ғана тиісті шешім қабылдағаны жөн.

Жанар БАЙСЕМІЗОВА,
журналист

Шара КӘСІПОДАҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында Кәсіподақ көшбасшылығы (менеджмент) мектебінің жаңа авторлық жобасының кезекті модулі өтті.

Кәсіподақ қозғалыстарының жетекшілері Кәсіподақ көшбасшылығы мектебінің (ККМ) модульінде құқықтық сауаттылық мәселелері талқыланды. Курс кәсіподақтар мен олардың бірлестіктерінің құқықтық мәртебесіне арналды. Тыңдаушылар «заң қандай сәтте кепілдік береді және кәсіподақтар не істемеуі керек?» деген сұрақтарды талқылады. Сондай-ақ, еңбек кодексі туралы сізге не білу керек: еңбек қауіпсіздігін сақтау, ұжымдық шарт жасау кезіндегі тараптар теңдігінің кепілдіктері, жекелеген санаттағы жұмысшылардың еңбегін реттеу ерекшелігі, заң бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі қарастырылды.

Елімізде қазіргі таңда қолданыстағы оқыту/қайта даярлау бағдарламалары бірсыдырғы форматта және кәсіподақ қатынастарының қазіргі заманғы қажеттілігі мен сұранысына сәйкес келмейді. Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі — бұл кәсіподақ көшбасшыларын сындарлы да конструктивті бағытта оқытудың дер уақыттағы және заманауи форматы. Бұл жан-жақты білім беру жобасы еліміздегі кәсіподақ қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған.

Мектеп қатысушылары атап өткендей, мұндай оқу процесі барлығына — кәсіподақ төрағаларына да, жұмыс берушілердің өздеріне де қажет. Модульдерден өткен кезде мектепке қатысушылар күнделікті жұмыста қолдануға болатын тәжірибелік жағдайларға қатысты кейстерді алды. Мысалы, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы еңбек шартын бұзудың негіздерін талдай отырып, еңбек заңнамасының практик-маманынан осы процестің барлық түйткілдері мен нюанстарын естіген кезде, жақсы түсінеді. Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Қарлығаш Оралованың айтуынша, бұл кәсіподақ мүшелерінің құқығын қорғаудағы өз ролін сапалы және тиімді орындауға көмектеседі.

«Мұндай сабақтар еліміздегі кәсіподақ қозғалысының да, жалпы азаматтық қоғамның дамуына да көмектеседі. Мұнда оқып жатқан 35 адамның ішіндегі, ең болмағанда бір



қатысушының парадигмасы ауысса, біз барлығымыз өзгерте байтаймыз. Мұндай тренингтерде жалғыз емес екеніңізді, біртұтас қоғамның мүшесі екеніңізді түсіне бастайсыз. Сіздің пікіріңіз бен ойыңыз бір нәрсені өзгертуі мүмкін, өзіңіз де бір нәрсені өзгерте аласыз. Үнсіз қалмау керек, тырысу керек. Мұндағы кәсіподақ жетекшілерінің әрқайсысының артында мыннан немесе одан да көп адам тұр. Егер біз осы жерде алған білімімізді түсіндіріп, жеткізе алсақ, онда еліміздің кәсіподақ ұйымдарының оңтайлы қозғалысы мен өсуі байқалады», — дейді Қарлығаш Оралова.

Кәсіподақ көшбасшылары бұған дейін қаржылық менеджменттің алғашқы модульдерінен өтіп, онда қаржылық менеджменттің заманауи құралдары, қаржылық-экономикалық талдау негіздері, бюджетті қалай дұрыс жоспарлау, ақша қаражатының қозғалысы, қаржы институттарымен өзара іс-қимыл, дұрыс несиелеу және олардың жұмысының ашықтығын қалай қамтамасыз ету туралы білді. Сонымен қатар, қыркүйек айында

еңбек және HR, кадр бөлімдерінің қызметкерлері, өндірістік кәсіпорындардың жұмысшылары, сонымен қатар әлеуметтік-еңбек саласында жұмыс істегісі келетін ел азаматтары болды.

Жобаны British Council қолдауымен «Eurasian Center for People Management» жекеменшік мекемесі ұйымдастырды. Жобаның авторы — Ербол Исмаилов, әлеуметтік-еңбек қатынастары, персоналды басқару, стратегиялық және дағдарыстық коммуникациялар, бұқаралық психология, конфликтология (*әлеуметтік және еңбек жанжалдары*) саласындағы сарапшы. Ол Халықаралық еңбек ұйымы (*XEY*) жанындағы Халықаралық еңбек және еңбек қатынастары қауымдастығының (*ILERA*) мүшесі. Кәсіподақ көшбасшылығы мектебінде (*менеджмент*) авторлық куәлігі бар. Сонымен бірге, кадрларды жан-жақты зерттеу әлеуметтік тұрақтылық индексі (*ISS*) авторларының бірі.

Болат ҚЫЗЫБЕКҰЛЫ

Үш таған

Қазіргі таңда тұрғындардың медициналық қызметке қатысты арыз-шағымы азаймай тұр. Өйткені, дәрігерлер тарапынан науқастарды қабылдау барысында адам тағдырына немқұрайды қарауы, әдеп сақтамауы секілді оқиға жиі тіркелетін болды. Бұл қоғамды бей-жай қалдырмай, жұртшылықтың дәрігерлерге деген көзқарасын өзгертуге себепші болуда. Ал ақ халаттылар дау-дамайдың ушығуына науқас та, дәрігер де емес, осы мәселені жазып жүрген журналистерді кінәлайды. Шын мәнінде, бұл дәрігер қателігі ме, әлде адами фактор ма? Осы секілді өзекті мәселе Алматыда дәрігерлер мен заңгерлердің және журналистердің қатысуымен талқыланды. Кей пікірлерді қаз-қалпында оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



Әйгерім АҒЫЛТАЕВА,
Алматы телеарнасы
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламалар
департаментінің
директоры:

ДӘРІГЕРЛЕР ЖАУАПТАН ҚАШАДЫ

Осыдан 10 жыл бұрын әлеуметтік желі қазіргідей дамымаған еді. Ол кезде дәрігерлердің қателігі туралы ақпарат бірден тарап кетпейтін. Қазір бәрі басқаша. Өйткені халықтың басым бөлігі — әлеуметтік желіні қолданады. Емханада қандай да бір жағдай орын алса, науқастың туыстары бірден журналистерге шағымданады. Ал журналист мән-жайды анықтау үшін алдымен дәрігерге келеді. Біз барлығына топырақ шашудан аулақпыз, бірақ журналист пен операторды көрген сәтте қақпадан кіргізбейтін дәрігерлер бар. Сіздер жауаптан қашқан сайын өздеріңізге деген сенімді жоғалтасыздар. Он жылдан бері денсаулық саласына арналған бағдарлама жасап, тіпті медициналық орталықтың баспасөз бөлімінде де жұмыс жасадым. Тәжірибем бар. Осы орайда «Журналист пен медицина мамандарының қарым-қатынасын қалай жақсартуға болады? Не жетіспейді? Қалай бірлесіп жұмыс істесек болады?» деген сауал көкейде тұрады.

Айталық, мен «Денсаулық» бағдарламасын жасаған кезеңде, бағдарлама аясында көптеген емханадаға барып, сюжет түсірдік. Дәрігерлердің жұмысын, ота жасау барысын көрсеткіміз келді. Өкінішке қарай, сол кездің өзінде дәрігерлер «Біз адамның өмірін құтқарып қалу үшін жұмыс істейміз, біздің уақытымыз жоқ» деп бағдарламаға түскісі келмейтін. Өздеріңіз білесіздер, Атыраудағы перзентханадағы жағдайдан соң, сол жердің барлық дәрігерлері бір уақытта жұмыстан шығамыз деп қарсылық білдірді. Ал сол күні қаншама ананың өмірін қатерге тікті. Тағы сол сияқты Алматыдағы №4 емханадағы жағдай. Еліміздің барлық дәрігерлері бас дәрігерді ақтап алғысы келді. Ол кезде де журналистер жан-жақты әрі нақты ақпарат таратып, дәрігерлер мен халықтың арасын жакындатуға тырысты. Сол кезде қоғамның көзқарасы екіге жарылып, журналистер барынша шынайы ақпарат таратты.



Әйгерім ҚОЖАХМЕТОВА,
«ҚДСЖМ»
Қазақстандық
медицина
университеті
медиаорталығының
жетекшісі:

ЖУРНАЛИСТ ДАЙЫНДЫҚПЕН КЕЛСЕ...

Шынында да, журналистер мен медицина қызметкерлерінің арасында қарым-қатынас дұрыс болмай тұр. Өйткені, дәрігерлер санасында теріс пікірді қалыптастыратын журналистер деген ой қалыптасқан. Сол пікірден арылу үшін ең алдымен журналист пен дәрігер ақпарат беруде бірлесе жұмыс істегені жөн. Егер қандай да бір жағдай орын алып, телеарнадан журналистер келіп жатса, дұрыс қабылдау керек. Ал дұрыс ақпарат алмаған журналист не істейді, мекеме қызметкерлері жауап беруден бас тартты дейді. Осыдан барып халықтың дәрігерлерге деген сенімі азаяды. Мысалы, бір ерекше ота туралы хабар түсіруге, оларды насихаттауға журналистерге хабарлассан, ондай хабарларды түсірмейміз дейді. Оларға сенсациялық ақпарат керек. Міндетті түрде негатив болуы тиіс. Осындай ақпарат аясында дәрігерлердің ерен еңбегі көрінбей қалады.

Дәрігерлер адам жанын емдейтіндіктен, оларға артылатын сенім де мол. Ал бір ғана болған кездейсоқ немесе дәрігерлік дауға бола олар туралы жағымсыз ақпарат тарату дұрыс емес. Оның үстіне бір ақпаратты жасау үшін журналистке 2-3 минут уақыт беріледі. Ал осы 2-3 минутке сыйғызу үшін журналист түрлі мамандардан сұхбат алып, сюжет жасайды. Осы кезде дәрігерлер тарапынан жауап болмаса немесе мәлімет толық түсіндірілмей қалса, көрермен қателеседі. Ақпараттың толық жеткізілмегендіктен, дәрігерлер тарапы кінәлі болып қалады.

Меніңше, журналист бір ақпаратты бермес бұрын, алдымен екі жақтың да пікірін саралап алуы керек. Сонымен қатар жазатын немесе айтатын тақырыбы жайлы жан-жақты зерттеп, алдын ала дайындалып барғаны жөн. Журналист шынайы пікір беруі керек.



Әлмира ЖАППАРОВА,
Алматыдағы
психология және
құқық орталығының
заңгері:

ӘР МАМАН ҚҰҚЫҒЫН БІЛСІН

Қазіргі таңда қоғамда қандай да бір дәрігерлер тарапынан қателік болса, оған тек дәрігер ғана кінәлі, ол заң аясында жазалануы керек деген түсінік қалыптасты. Оны жасыра алмаймыз. Қазіргі әлеуметтік желінің ықпалы, ақпараттың тез таралуы дәрігерлерге деген сенімді азайтты. Мысалы, 35-40 жыл бойы бір салада қызмет етіп, адам өмірі үшін араша болып жүрген дәрігердің бір ғана қателігі үшін заңға тартылуын жан-жақты саралау керек. Өйткені, ол дәрігер өзіне айтылған жағымсыз пікірлер мен негізсіз айыптаудан стресске түсуі мүмкін. Ол жағымсыз пікірден кейін ота жасауға деген құлшыныстан арылады. Тіпті медицина саласын тастап кетуі мүмкін. Мен заңгер ретінде науқастың да, дәрігердің де құқын қорғауға тиіспін. Сондықтан, ең алдымен, дәрігер тарапты айыптаушы да, кәзіргі таңда көптеген дәрігерлер өзінің құқығын білмейді. Мысалы, Бас прокуратураның 2019 жылдың 9 айының көрсеткіші бойынша медицина саласының мамандарына қатысты 293 іс тіркелді. Тек 10 ісі Қылмыстық кодекстің 317-бабы бойынша сотқа берілді, ал 8 адамға ғана үкім шықты. Өздеріңіз байқап отырғандай, бұл жерде толықтай дәрігерлер кінәлі деу — қате. Істі тергеу барысында, сараптама жүргізу нәтижесінде дәрігерлер тарапы кінәлі болмаса, барлығы сараптама нәтижесінде анықталады. Жоғарыда медицина мамандарының құқықтық сауатының аздығын атап өткен болатынымын. Сондықтан қандай мамандық болса да, құқықтық сауаттылық қажет деп санаймын.

KÓKEIKESTI



5

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Тілбұзар

Телевизияның қуатты құрал екенін «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген ұстанымдағы адамдар тез байқады. Белгілі бір мәселе бойынша орнықты пікір айта ала ма, көркем сөйлеп, тыңдарманды ұйыта ала ма, жоқ па, бәрібір, бүгінде «көк жәшіктен» көрінуді мақсат етушілер телеэкранға шығуға тырысып бағуда. Осы жаппай ұмтылыс көптеген «өтпеген-айлардың» себебіне айналып, тіпті белгілі бір жағдайларда ұлттық мәдениетімізге зиянын тигізіп отыр. Теледидардан берілетін көркемдік құны төмен, тілі сақау, тәрбиелік мәні жоқ ақпараттың зияны орасан зор: ол жас ұрпақтың дүниетанымын тарылтады, талғамын төмендетеді, тілін бұзады. Сондықтан, қазіргі кітаптан телевизор үстем болған заманда телехабардың сапасына қойылатын талап жоғары болуы керек. Ал ол, әрине, мамандарға тікелей байланысты.

Бірде жас журналистерді дайындайтын курсқа барып, дәріс оқыдым. «Журналист болсам» деп армандап, жоспар құрып жүрген жастарға «қазақтың қай журналисіне ұқсағың келеді?» деген өте қарапайым сұрақ қойдым. Қатысушылар әлемі киім киіп, суфлерден қарап сөйлеп отыратын тележүргізушілерді жапа-тармағай атай бастады!

Жазба журналистердің бір де біреуінің аты аталған жоқ. Журналист болам деп жүрген жастар біз макалаларын іздеп жүріп оқыған аға буын журналистерді де, оларға өкшелес келе жатқан біздің қатарластарымызды да, өрнекті тіл, өткір оймен танылған қазіргі буын өкілдерін де оқымаған болып шықты... Бірақ бірнеше жылдан кейін осындайлар көгілдір экраннан екпіндей сөйлеп тұруы ғажап емес.

Енді бірнеше мысал келтіре кетейік: Жалпы, қызметтегі адамдардың теледидар қарап отыруға

«банктегі шабуыл» деді. Ол банктің ішіндегі шабуыл емес қой, дұрысында «банкке шабуыл» болуы керек-ті.

Ірі компанияның жұмысына қатысты жиыннан репортаж жасап тұрған журналист «жұмыс істеу жобасының кестесін бекітті» деді. Дұрысында әңгіме жұмыс істеу кестесінің жобасын бекіту туралы болуы керек.

Түрлі бағдарлама жүргізушілерінің өзін ұстау мәдениеті, білім деңгейі де көңіл толтырмайды. Мысалы, «Ду-думан» деген бағдарламаны жүргізуші ханым таблода жанған 0,5 деген цифрларды «ноль жарым», 5,0 деген цифрларды «бес бүтін оннан ноль» деп жариялады.

Сенбеген кісі болса, жазбаларды алып, қарауларына болады. Бұлардың бәрінен үлкен проблема — тележүргізушілердің ішінде де, тілшілердің ішінде де (*атын атап, түсін түстемей-ақ қояйық!*) «н» дыбысын айта алмайтындардың

«ЖАСАП ЖАТЫРЫҚ, ОТЫРЫҚ, КЕРЕКПІЗ»

немесе сөз арасы



қолдары тие бермейді. Ал қарай қалсақ, әуелі жаналықтарға құлақ түреміз. Белгілі бір репортажды көрсетердің алдында жүргізуші сол туралы қысқаша кіріспе ақпарат береді (*оны тележурналистер «подводка» дейді*). Дұрысында ол жұртты елең еткізетіндей болып, мәтіннен бөлек жазылуы керек. Бізде солай етуге ерінеді ме, көп жағдайда жүргізуші кіріспе хабарламасында репортаж жасаушының алғашқы сөйлемдерін не мазмұнын айтып шығады. Бұл — хабар жасаудағы асығыстықтың белгісі болар... бірақ нәтижесінде материал тартымсыз болып шығады.

Хабар жасаушылар көрермендердің білімді, көрген-түйгені көп бөлігінің деңгейіне бағдарланса, эфирден айтылар сөзде олқылықтар да аз болар еді. Бұлай деуімізге ақпараттарда сауатсыз сөйлеу, түрлі жиындардың тақырыбын, халықаралық ұйымдардың, қабылданған заңдардың атауын дұрыс айтпау сияқты жайлар жиі кездесетіні себеп болып отыр. Мысалы, Парламенттен репортаж жүргізетіндер белгілі бір заң жобасы туралы айта келіп, «... өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (*о внесении изменений и дополнений*) дегенді «...өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» деп айта береді. Әр саланың қалыптасқан терминдері, сөз орамдары болатынын білмейді не оған мән бермейді.

Турақты тіркестерді мағынасына қарай қолданбау да жиі ұшырасады. Халқымыз шабандоз жігітті сипаттағанда «Аттың құлағында ойнайды» деген, ал бізде «Домбыраның құлағында ойнайды» деп айту әдетке айналды.

Қанша баксаң да семірмейтін малды, ет қоспайтын, жүдеу адамды сөз еткенде «шыр бітпейді» деген тіркес пайдаланылады. Яғни «май бітпейді», «толмайды» дегенді білдіреді. Жүргізушілердің «шаруаға шыр бітпейді», сондай-ақ «таразы талқысына салайық» (*ой талқысына емес*) деп қолдануы фразеологизмдердің түпті мағынасын түсінбесуден.

Өзім ұзақ жылдар аударма саласында қызмет істегендіктен, мәтіннің аударма екенін және нашар аударма екенін бірден түсінемін. Мысалы, Алматының бір банкіне қарақшылық шабуыл жасалғаны туралы баяндап тұрған журналист

болуы. Бұл телевизия — тәрбие құралы екендігін ескермеудің салдары.

Осы ретте телехабарлар кейіпкерлерінің тіліндегі «жасап жатырық», «айтуға керекпіз», «жүрік қой» деген сияқты тіркестердің қолданылуы да — тіл мешелдігіне әкелетін факторлардың бірі екенін айта кеткен жөн болар.

Кенес дәуірінде кейбіреулердің орынды-орынсыз жерде орысша сөздерді қосып сөйлейтін әдеттері болған. Бүгінгінің адамдары шет тілде сөйлейтінін білдіргісі келе ме, өз тілімізде баламасы бар сөздерді «альтернатива», «креатив», «пиар» деп айтып отырады.

Теле көрермендердің ұсыныс-пікірлерін жинайтын болса, басым көбі жарнамаға қатысты наразылықтарын айтар еді. Кішкентай бөбектер теледидарда жарнама көрсетіле бастаса-ақ назарын экранға аударатынын байқалыңыздар ма? Байқамасаныздар, бірер күн бақылап көруге кеңес берем. Тілі енді шығып келе жатқан сөбілерден бастап, 3-4 жастағы бүлдіршіндер де жарнаманың музыкасына елеңдеп, айтылған сөздерді қайталайды. Сондықтан, арна басшылары телевизия — қуатты тәрбие құралы екенін ұмытпаса екен деген тілек бар.

Арна басшылары ұлтжанды азаматтар екендігіне күмәнін жоқ. Балашақта жарнаманың көбеймесе, азаймайтыны да анық. Ендеше, ұрпағымыздың тілін қалыптастыруға әсер ететінін факторлардың бірі екенін ескере отырып, мекемесіндегі жауапты адамдар жарнаманы қабылдаған кезде оның сапасына баса назар аударуын талап етсе, құба-құп. Ең бастысы, жарнама мәтінін таза қазақ тілді маманға оқыту керек! Әйтпесе, дыбыстарды «жұтып» қою, «н»-ды «н» деу, орысша акцентпен, сөздің екпінін дұрыс қоймай сөйлеу арқылы ұрпағымыздың тілі сақау болуына жарнама (*яғни телевизия!*) орасан зор «үлес» қосады.

Үлкен жеңістер кішкентай жетістіктерден құралатыны сияқты, тіл мәселесіндегі біз айтқандай, бәз біреулер үшін «елеп-ескеруге тұрмайтын» қателер үлкен қатеге — ұрпақ тілінің жұтанданып, шұбарланып, сақаулануына алып келуі мүмкін екенін ұмытпауымыз керек.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты,
жазушы, аудармашы



Фото: tasc.ru

Өлке

Шырайлы Шымкенттен қысы қатал Алтайға атбасын бұрған отбасында әуел баста көкейде күдік, көңілде кірбің болғаны рас. Кіндік қаны тамған жерден жат өлкеге қоныс аударғанда отанасы Әнел Құрбанованың «бұл жаққа келмеу керек еді» деп ағыл-тегіл жылағаны бар. «Нар тәуекел» деп белді бекем бұған көпбалалы отбасы бүгінде сол шешімдеріне өкінбейтін сияқты. Қазір Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында тігіншілікпен айналысатын 5 баланың анасы бұл жерден кеткісі жоқ. Бұның себебін өзінен сұрап көрген едік.

ШЫҒЫСҚА КЕЛІП, ШЫРАЙЫ КІРДІ

Jas qazaq: Оңтүстіктен шығысқа көшіп келулеріңзге не себеп болды?
Ә.Құрбанова: Біз Шымкент қаласында тұрдық. Зайыбым Берік екеуіміз жұмыссыз едік. Ол жақта таныс-тамырың, тірегің не ақшаң болмаса жұмысқа орналасуың неғайбыл. Тұрақты табыс болмаған соң тұрмыстың тауқыметін тартып, бір тарының қауызына сыйғандай күй кешкеніміз есімде. Бірде күйеуіме Павлодар қаласындағы досы хабарласып, қоныс аудару бағдарламасы туралы айтты. Қызығушылығым оянып, көбірек мағлұмат жинауға кірістім. Жұмыспен қамту орталығына барып, бағдарламаның бүге-шүгесіне дейін танысып та қайттық. Ойымыз оңға, санамыз санға бөлініп түбінде көшу жайлы шешім қабылдадық.
Jas qazaq: Бұл аймаққа қай жылы келдіңіздер?
Ә.Құрбанова: 2015 жылдың қаңтар айында Риддер қаласына



отырғанымда тігін мәшинесін сатып алып, көрші-қоланнан, таныстардан тапсырыс ала бастадым. Бұйымдардың тігілу сапасы жоғары болғандықтан, сұраныс та артты. Көршілердің бәріне дерлік перде тігіп бердім. Ойлана келе, осы кәсіппен түбегейлі айналысуға бел будым. Бизнес жоспар

салтқа сәйкес ұзатпайды, сәбнін бесікке салмайды екен. Бұл дұрыс емес. Өзім бауыр еті балаларымның бәрін бесікке бөлеп өсірдім. Қазір қол-аяқтары октаудай түзу. Біле білсек, қазақтың әр салт-дәстүрінің, ырым-тыйымының мән-мағынасы тереңде жатыр ғой.


Jas qazaq: Екі өңір тұрғындарынан қандай айырмашылық байқадыңыз?
Ә.Құрбанова: Шығыс Қазақстанда бәрі заң жүзінде, құжат арқылы іске асады. Ауруханаға барсаң, түгелі ын-шынсыз кезек сактайды. Ал Шымкентте таныс дәрігері бар адамдар кезекке тұрмай-ақ кіре береді. Кішкентайымды босанғанда мұндағы ақ халаттылар асты-үстіме түсіп, жағдайымды ұдайы бақылап отырды. Қиналған сәтте жаныңнан табылған мейірбикелерге қалай риза болмассың? Ал Шымкентте 4 баламды босанғанда да дәрігерлер жөнді назар аудармады. Бір қызығы, көлікке отырғанда жол жүру ережесін сақтап, белдікті тастүйін тағып отыруды біз осында келгенде үйрендік қой. Міне, осыдан-ақ мұндағы жұрттың заңды қатаң сақтайтынын байқауға болады.
Jas qazaq: Қысқасы, қоныс аударғаныңызға өкінбейсіздер ме?



көшіп келдік. Қақаған аяз. «Алтайдың қысы алты айға созылады» деп бекер айтпаған екен. Ол кезде 4 баламыз бар. Үлкенім — 7, кенжем 1 жасқа енді толған еді. Бұл жерге Түркістан облысынан 30 отбасы қоныс аудардық. Әр жанұяға 445 950 теңгеден берілді. Үш бөлмелі пәтерді жалға алып, күн кеше бастадық. Жолдасым спорт мектебіне жүргізуші, өзім балабақшаға тәрбиеші болып орналастым. Алайда кішкентайымыз Еламан жиі сырқаттанып қала берді. Екеуіміз де танның атысынан күннің батысына дейін үй бетін көрмейміз. Жат жерде баланы тастап кететін туысқан болмағандықтан, осы жағы бізге ауыр тиді. Шынымды айтсам, сол кездері туған жердің топырағынан алыстағаныма іштей қатты өкініп жүрдім. Шымқалаға қайта кеткім келді. Бірде сабырым сарқылып күйеуіме іштегі шерімді айтып салдым. Айтқанымды мұқият тындап шыққан ол: «Осында келерде онайға соқпайтының білдік қой. Бұл шешімді қабылдамас бұрын мың ойланып, жүз толғандық емес пе?» «Өткелде атыңды ауыстырма» дегендей боркеміктік танытпа» деп жігер бергендей болды. Сөйтіп, күнді-күнге жалғап өмір сүріп жаттық. Сынаптай сырғыған уақыт зуылдай берді. Арادا бір жыл өткенде тағы да нәрестелі болдық.

Jas qazaq: Тігіншілікпен қалай айналыса бастадыңыз?
Ә.Құрбанова: Бір байқағаным, мұнда тігіншілікпен шұғылданатындар жоқтың қасы екен. Ұлттық нақыштағы киімдерді, құрақ көрпелерді мүлде кезіктірмейсін. Декретте

құрып, қалалық кәсіпкерлер палатасына апардым. Оны ойдағыдай қорғап шығып, 250 мың теңге грант ұтып алдым. Ал 2019 жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында маған қайтарымсыз 2 млн теңге берді. Бұл қаражат арқылы қажетті жабдықтарға қол жеткіздім. Бүгінде автокөлік орындықтарына арналған қаптама, оюлы



көрпеше, шикұрақ, перде, бесік жабдығы мен көрпе-жастықты оюлап тігемін. Аллаға шүкір, кәсібім алға басып келеді.
Jas qazaq: Қапырық ыстықтан қытымыр аязға үйрену онайға соқпаған шығар?
Ә.Құрбанова: Оныыз рас. Жанағы айтқанымдай, басында балаларым жиі ауырып қалатын-тұғын. Несі бар, уақыт өте келе Шығыстың шырыңды кетіретін қатал ауа райына көндіге бастадық. Қазір керісінше ұл-қыздарым жазғы қаникулда Шымкентке қидырып барса, ыстықтан сырқаттанып қалады. Бірнеше күннен кейін «Үйге қайтайықшы» деп құлақ

Ә.Құрбанова: Еш өкінбейміз. Керісінше, қуанамыз! «Тәуекел тау жығар» деп бекер айтылмаған екен. Құдайға шүкір, бүгінде тұрмысымыз оналып, ел қатарлы өмір сүрудеміз. Шанырағымызға шаттық әкелген бұл мекенде 5-ші сәбііміз дүниеге келді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өзім жеке кәсібімнің керегесін кеңейттім. Алға қойған мақсат-мұраттарымыз әлі де көп. Сол жоспарларымыздың барлығы Шығыс Қазақстан облысымен байланысты.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ, Фотó Әділхан ЕСІМХАНОВ
Шығыс Қазақстан облысы

Әріптес мерейі

«Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС-ның құрамындағы «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдары өздерінің ширек ғасырлық мерейтойын атап өтті. Атаулы күнге орай, «Заң» медиа-корпорациясы мен Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті бірлесіп «Қазақстанда құқықтық мәдениеттің қалыптасуындағы баспасөздің рөлі» тақырыбындағы ғылыми тәжірибелік конференция ұйымдастырды. Конференцияға заңгер ғалымдар, ұстаздар, Алматы қалалық прокуратура, әділет департаменті өкілдері мен құқық қорғау органдары мамандары, «Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдарының алғашқы және кейінгі редакторлары, БАҚ өкілдері қатысты.



Алғашқы сандары 1994 жылы 3 қарашадан бастап жарық көрген «Заң» газеті мен «Юридическая газета» еліміздегі алғашқы республикалық құқықтық басылымдар. Конференция барысында газеттердің өткені мен бүгіні, құқықтық басылымның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі, газет-журналдардың қазіргі таңдағы хал-ахуалы мен сөз бостандығы және өзге де өзекті тақырып кенінен талқыланып, баяндама жасалды. 25 жылдан бері еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ең бастысы - құқықтық тақырыптарды арқау еткен мақалалар «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдарының тұрақты оқырмандарын қалыптастырып, қазақстандық журналистика саласында өз орнын айшықтап берді. Жұртшылықты құқықтық реформаның жүргізілу барысымен таныстырып, халықтың құқықтық санасын арттырып, заңды білуіне атсалысты. Парламент Мәжілісінде талқыланып жатқан әрбір заңды газет бетінде сарапқа салып, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары заң терминдерінің қалыптасуына ықпал еткен басылым жыл өткен сайын қанаттың кең жайып келеді. Уақыт өте «Заң» және «Фемида» журналдарымен қатары толыққан корпорация уақыт көшінен қалмай, Zanmedia.kz сайтың да өмірге әкелді. Әділдік іздеген талай жанның арыз-шағымын тиісті орынға жеткізіп, заңды шешімін табуына ықпал етіп келе жатыр. Газеттің алғашқы редакторы Марат Тоқашбаев: «Бүгінде еліміздің бұқаралық ақпарат кеңістігінде өз орны бар осынау

басылымды құруға, алғашқы нөмірінен бастап газетті үш жыл басқару бақыты маған нәсіп болыпты. Бұл басылымның дүниеге келуіне мұрындық болған, қиын сәттердің бәрінде қол ұшын беріп отырған еліміздегі құқықтық реформаның атасы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш әділет министрі, көрнекті заңгер, марқұм Нағашыбай Шәйкенов еді. Демократияның атасы саналатын Томас Джефферсон «Табиғат



заңдарына қайшы заң қабылдау — артынан өзіміз оларды жазалайтындай қылмыс туғызу» деген екен. Газет өз қызметінде мемлекетті тек халыққа пайдалы заң қабылдауға шақырды. Әр азаматты өз құқығын білуге үндеді. Құқықтық тұрғыдан шөлiркеген оқырманға құқықтық дүеуардан дәм тауға мүмкіндік берді» — деді. Құқықтық салада өзіндік орны бар басылымның абыройы артып, таралымы көбейе бергей!

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

Жиын

Қазір есірткінің түрі көп. Оның ішінде ауыр және жеңіл түрі адам өміріне өте қауіпті. Сондықтан еліміздің болашағы саналатын жастардың есірткіге елігіп кетпеу жолын қарастырғанымыз жөн. Бұл туралы Жамбыл облысы өкімдігі ішкі саясат басқармасы облыстық, қалалық, аудандық қоғамдық кеңестері төралқаларының тең өрі өріптестік негізде аумақтық едістемелік-үйлестіру кеңесінің «Қоғамдық кеңестердің дамуы» атты конференциясында айтылды.

Конференция «Жергілікті өзін-өзі басқаруды және қоғамдық бақылауды дамыту бойынша ақпараттық орталықты ұйымдастыру» атты жоба аясында Жамбыл облысы жастар ұйымдары



ЖҰМЫСТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ КЕРЕК

қауымдастығының мұрындық болуымен өтті. Жиынға ақпарат және қоғамдық даму министрлігі азаматтық қоғам комитетінің бас сарапшысы Жанар Санаубаева қатысты. Жиынды облыстық Қоғамдық кеңес жанындағы әдістемелік-үйлестіру кеңесінің төрағасы Жандар Кәрібайұлы жүргізді. Ол облыстағы қоғамдық кеңестердің күндерін өткізу туралы баяндап, қоғамдық кеңестің рөлін күшейтіп, арыз-шағымдарды жинақтау керектігін айтты. Сонымен қатар Қоғамдық кеңестің ресми сайтында аудандарда қандай да бір күрделі мәселелердің шешіліп, сын-ескертпелер қалай орындалып жатқандығы туралы ақпараттандырылып, жасалынған жұмыстардың ашықтығы көрсетілуі керектігін ескертті.

«Есірткінің түрі өте көп, оның жеңіл және ауыр, өмірге қауіпті түрі көбеюде. Жеңіл наркотиктер денеге тез тарап кетеді. Қылмыс түнде болған жағдайда біз Тараз қаласына немесе Жаңатас қаласына жеткізгенше, ол денеде тарап кетеді. Осыған орай, ауданнан арнайы штат бөліп, медицина саласынан мамандар берісе деген ұсынысымыз бар. Қажет тиісті органдарға хат дайындауға дайынбыз», — деп аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Ақынбек Бектай мәселе көтерді. Барлық ауданның ұсыныстары мен көтерілген мәселелерді облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы мақұлдап, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасайтынын жеткізді.

Айдос ҚОСУБАЕВ

Жаңғырық

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы, республикадағы беделді басылымдардың бірі – «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрген кезім. Бас редакторымыз – қазақтың әйгілі жазушысы әрі қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза. Жұмыс барысында жиі талқыланатын тақырып – «Редакцияның жұмысын қалай жақсартамыз? Қоғамдағы өзекті мәселелердің қайсысын жазамыз? Қандай түйткілді көтереміз?» деген мәселе. Соның ішінде кітап саудасын одан әрі жетілдіріп, шалғайдағы ауылдарға жеткізу жөнінде де әңгіме қозғалып қалатын.

Бір күні талқылау барысында, осы әңгімені мен тағы қаперге салдым. Бұл мәселе бас редакторымыздың қабырғасына бұрыннан да батып жүреді екен. «Кей жерлерде кітап жоқ, енді бір жерлерде кітап өтпейді» деп жататын заман. Осы ділгір жұмысты реттеудің тетіктерін қарастыру және оны тиісті мекемелердің назарын аудару жөнінде бас редактордың өзі маған тапсырма берді.

Ол уақытта редакцияның «Өнер бөлімінде» аға тілшімін. Бөлім менгерушісі – қазаққа танымал болып үлгерген белгілі прозашы Оразбек Сәрсенбаев. Бірақ жүктелген шаруаны тікелей орындау менің иығма түсті. «Бүкіл жазушылардың ішіндегі ең танымал тұлғалардың қолын қойдырып, бір үндеу хат жариялайық» деген ой тулды да, соның мәтінін жазып машинкаға бастырдым. Бөлім менгерушісінің шамалы түзетуінен соң, ұсынғанымыз – бас редактордың өзі болды. Шераған – материалды шұқия жөндеп, мәтінді сәл ықшамлады да:

— Осы қалпында жарайды. Бірақ сен, — деді маған бір шүйіле қарап алып, — «Идея наказуемая» деген орыстың сөзін білетін шығарсың. Өзін көтерген екенсің, осы мәселені енді өзің аяғына дейін алып шық. Мына тізім бойынша хаттың соңына аты-жөндері жазылған жазушыларды аралап, әрқайсысының қолын қойдырып әкелесің.

Жанылмасам, 1981 жылдың кантар айы еді. Мен қол қоюды кімнен бастасам деп ойланyp жатпастан, тізімдегі кісілердің әрқайсысының үйіне жеке-жеке телефон шалдым. Ең бірінші келіскен адамым — сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының балалар әдебиеті жөніндегі кеңесшісі, белгілі балалар жазушысы Сейітжан Омаров.

Екеуіміз бір ғимаратта жұмыс істейтіндігімізге қарамастан, ол кісі үйіне келіп, сұхбаттасуымды сұрады.

Айтылған мезгілде Сейітжан ағаның үйіне жетіп барайын, ол кісі қаланың орталық бөлігіндегі бес қабатты үйдің бірінші қабатында тұрады екен. Бір қызығы — мен барған кейбір кісілердің көбінің пәтері, негізінен, сол бірінші қабатта болып шықты. Ол замандарда бірінші және бесінші

шынылтырлау дауысымен асықпай сөйлейтін кісі екен, төгілген бұйра шашы ол кезде буырыл тартып үлгірмеген. Өзі майдангер болса да, қарттық дендей бастағаны байқалады. Бұл ағамыз да менің жай-жапсарымды сұрай отырып, ыстық шайдан алуымды өтінді. Сол кезде бәйбішесі дастарханға әкеліп ортаға қойған нан, тәттілермен бірге тарелкедегі бір қара нәрсе.

Екеуі екі жатқан маған:

— Ал, ал... наңға жағып же, — деп қояды.

Бірақ не екенін түсінбегендіктен, онша ұмтылған



Оразбек СӘРСЕНБАЕВ

қоймалжың бірдене.

«Бұл не?» деп сұрауға ыңғайсыздандым да, көп сұғынып жемедім.

Кейін осы жағдайды редакциядағы жігіттерге айтып келгенде, олар, ал кеп

жоппын, үлкен кісілер тамаққа тыққыштап қоймаған соң, татып көрсем, онша сүйкімді емес, сәл қышқылдау



Сейітжан ОМАРОВ

сол жүріп келе жатқан бойы киналмастан оқып шықтым.

Тек бір жерге қалғанда Ғабен сұқ саусағын шошайтып:

— «Қазақта еңбеккер, еңбекшіл» деген сөз бар «еңбеккер» негізінде ескі сөзге айналып баралы осы күні. Ескі заманның ләбі келетін сияқты. Дегенмен қалдырғаның дұрыс болар, — деді сәл ыңыранған дауыспен.

Қол қоюға онша киналған жоқ. Тек айтқаны:

— Осы көтерген мәселелеріңнен мән шығып, іске асып кетсе болды ғой, — деп, күдіктенгендей сынай да танытып қойды.

Бірақ Ғабеннің үйіне бірер жылдан кейін

тағы бір шаруамен барып калуыма

RÝHANIAT



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

МЕН КӨРГЕН МЫҚТЫЛАР



Әбділла ТӘЖІБАЕВ

қабаттарды «Қазақтардың қабаты» деп атайтын. Ал проблемасы аз басқа қабаттарда тұратындар — сол қазақтан басқа ұлт өкілдері. Тіпті қатардағы қарапайым жандарды айтпағанда, көрнекті тұлғаларымыздың маңдайына тиесілі пәтерлері осы екі қабаттан бұйырғанын осылайша аралап жүріп анық аңғардым. Қазақты екінші сортты адамдар деп санаудың бір белгісі сияқты көрінді маған.

Сейітжан аға мені жылы шыраймен қарсы алды. Үйде бәйбішесі екеуі ғана екен. Ол кісі өзі мінезі жұмсақ, ешқашан асықпайтын бір бекзат жан еді. Бәйбішесі татар ұлтынан екен, бірақ қазақшаға жүйріктігі, қазақтың да әдет-ғұрпын да жақсы білетіндігі сезіліп тұрды. Дайындап әкелген мәтінді мұқият оқып шыққаннан кейін, жазушы ағаның жасағаны — бір-ақ өзгеріс. Онда да қаламының ұшы кідіре қалғаны — «Қазақтың басынан не қиындық өтпеді, соғысты да, сұмдықты да, ашаршылықты да көрді ғой» деген сөйлем, оның ішінде де «ашаршылық» деген сөз. Ол кезде ауызға алуға, жазуға да болмайтын тыйым салынған ақтанда тақырып екендігін мен білмейтін, ол жағына неге тыйым салынғанын жете бағамдап үлгермеген де болармын.

Қыстың суық айында үй іші сәл салқындау екен, біраз әңгімелесіп отырдық. Сейітжан аға менің жеке басымды, қайдан шыққанымды аударып қойды.

Бір қызығы, бәйбішесі де дастархан басынан кетпей, біздің әңгімемізге құлақ түре жүріп, ыстық шайын, бауырсағы мен қуырдағын алдыма қарай ысырмалай берді. Бір кезде орнынан ұшып тұрып, Сейітжан ағайға қарай күйбеңдей ұмтылғаны. Мен не болды екен деп танырқай қарадым. Сөйтсем, Сейітжан ағаның үстіндегі жылы жемпірінің сол жақ жөніне нан қиқымдары жұғып қалған екен. Столды айналып барған апай сол қиқымды ерінбей-жалықпай сүртіп, ағаның алдына таза орамал төседі. Күйеуге деген ілтипаттын күштілігін, қартайса да, екеуара жылы қарым-қатынастың әлі бұзылмағанын сезіп, іштей сүйсінгенім әлі есімнен кетпейді.

Астанамыз Алматыға келгеніме бірер жыл өтсе де, әдеби ортамен, белгілі каламгерлермен әлі араласа қоймаған кезім. Осы үйден көпшілік күйде аттанған мен келісім бойынша келесі каламгердің пәтеріне бет алдым. Ол кісінікі де ұзақ емес екен. Келесі каламгер деп отырғаным — қазақтың сол кездегі танымал ақыны, майдангер қаламгер Әбу Сәрсенбаев еді.

Бірінші қабаттағы бұл кісінің пәтері де салқындау болды. Қазақ емеспіз бе, әдеттегідей дастархандары жаюлы. Аға сәл қарлығыңқы-



Ғабит МУСІРЕПОВ

тарқылдап күлсін. Сөйтсем, менің бас тартып, алуға ықылас танытпаған тағамым кәдімгі қара уылдырық болып шықты. Осы қылығымды естіген сол кездегі редакциямыздың беделді қызметкерінің бірі, көрнекті ақын Сабырхан Асанов:

— Әй, «қазақы бала — бала емес» деген.

Шай қасықты былай қойып, ас қасықпен батырып тұрып жемейсің бе. Міне, бүйтіп, — деп қимылымен көрсетіп жұртты бір күлдіргені бар еді.

Сапарым ертеңіне қайта жалғасты. Бұл жолы маңдай тіреген үйім — жазушынікі емес, қазақтың көрнекті әрі дәстүрлі әншісі Ғарифолла Құрманғалиевтің пәтері болатын. Теледидардан көргенім болмаса, атақты өнерпазбен бетпе-бет жүздесудің сәті қайдан тұса қойсын. Сөйтсем, өңі қызыл шырайлы, бадырақтау қой көзді, жирен

Бір қызығы, бәйбішесі де дастархан басынан кетпей, біздің әңгімемізге құлақ түре жүріп, ыстық шайын, бауырсағы мен қуырдағын алдыма қарай ысырмалай берді. Бір кезде орнынан ұшып тұрып, Сейітжан ағайға қарай күйбеңдей ұмтылғаны. Мен не болды екен деп танырқай қарадым. Сөйтсем, Сейітжан ағаның үстіндегі жылы жемпірінің сол жақ жөніне нан қиқымдары жұғып қалған екен. Столды айналып барған апай сол қиқымды ерінбей-жалықпай сүртіп, ағаның алдына таза орамал төседі. Күйеуге деген ілтипаттың күштілігін, қартайса да, екеуара жылы қарым-қатынастың әлі бұзылмағанын сезіп, іштей сүйсінгенім әлі есімнен кетпейді.

шаштылау адам екен. Бір орнында кідірістеп тұрақтай алмай, шапшаң қимылдайды. Сәл-пәл алақ-жұлақ етіп қарағанына қарағанда, мінезі де қызбалау болуы ықтимал.

Ғарифолла аға орнынан атып тұрып, үйдегі балаларымен айқайласып әойлесіп, әлдеқандай мәселелерді шешіп жатты. Қайта келіп менің жазған мәтінімді дауыстап оқыды да, ойланбастан, айбақ-сыбақ етіп қолын қойып берді. Бұл үйден де тым сұғынбай баппен дәм татып шықтым.

Келесі баратын адамым қазақтың бетке ұстар мақтанышы, көркем сөздің хас шебері Ғабит Мүсірепов болатын. Ол кісінің үйіне телефон шалсам, ауруханада жатыр екен. Келісім бойынша, сағат кешкі бестен соң тамақтың алдындағы серуен кезінде ұшыраттым. Ораны-шымақыны, жылы киініп алғандықтан да, аурухананың ішіне кіруді қажетсінген жоқ. Ақырын жүріп келе жатқан күйі хаттын мәтінін оқып беруімді өтінді. Мен өз жазғандарымды

тура келді. Онда да газет редакциясының жұмысымен.

Қазіргі музей үйге айналған бесінші қабаттағы пәтері. Жоғарыда айтқанымдай, тіпті Ғабендердің өзіне орталық қабаттардан жайлы қоныс бұйырмаған сияқты. Ол жолы барғанымда, Ғабеннің: «Менің үйімде ешқандай шетелдің ағашы жоқ, жиһазым да қымбат емес, бірақ бәрі өзіміздің отанның өнімдері» деп, бір жазғандары есіме түсті. Кірсем, шынында да солай екен.

Сол кездегі жұбайы Ғазиза есімді бойшаң жемеміз, мен кірісімен-ақ:

— Әй, Ғабит, саған келіп тұр, — деп айғайлады да, өз шаруасымен бұрылып кетті. Өзіміз әулие көретін атақты қаламгерге «Әй, Ғабит!» деп айқайлау маған сорақылау болып естілді. Ғабеннің кабинетіне кіріп, нұсқаған диванға



Ғабиден МУСТАФИН

отырдым. Ол кісі бастығымның беріп жібергенін оқып бір жерлерін сызып, өзіме қайтарып берді. Маған назар аударып, бірер ауыз тіл қатуды қажетсінбеген сынайда.

Мен болсам, атақты Ғабит Мүсіреповтің үйіне кіріп, орындығына отырғанымға мәзбін.

Ешкім көріп тұрмаса да, бесінші қабаттан мардымсып, аяғымды нығыздай басып түстім де, жөніме кеттім.

Осы редакцияда істеп жүрген жылдардың бірінде жазды күні Шераған мені қазақтың атақты ақыны Әбділла Тәжібаевтың үйіне жұмсады. Шынын айтқанда, ол кісінің үйіне мені жіберу бастапқы жоспарында жоқ еді. Бір поэзияға байланысты мақала жарияланып, редакциядағы жиналыста. соған пікір айтуды Әбділла Тәжібаевтан бастасақ деген мәселе қозғалған Сонан кейін Шерхан ағамыз отырып, редакцияда істейтін екі-үш ақынға кезек-кезек айтып шықты. Бірақ олардың ешқайсысының реті келген жоқ. Біреуі «Мен Әбекенмен ептеп реңжісіп қалып едім, барғым келмейді» деп бас тартса, екінші біреуіне Шерағанның өзі сенбеді-ау деймін. Өйткені өмірге еркелеп, ептеп ұрттап қоятын ақынның тапсырылған шаруаны тиянақтап орындай қоюына күмән келтірген сияқты.

Үшінші бір ақынымыз сол күні редакцияда болмай, «Ауырып қалыпты» десіп жатты.

Дайындалған материалды келесі нөмірге салу жөнінде жоспарланып қойылған. Бәрімізге шүйілде бір қарап өткен Шерағанның көзі маған түсті. Неге екені білмеймін, Шерхан Мұртаза тікелей қарап немесе көзін қадап тұрып алған емес. Тапсырма бергенде де менің иек тұсыма немесе кеуде жағымға қарайды да айтар сөзін қысқа ғана қайырады, бұл жолы да менің кеуде тұсыма көзін салып отырып:

— Онда мына Орекеннің (Оразбек Сәрсенбаевты айтқаны) қызметкерін жібереміз, — деді. Бас редактордың сөзіне кім қарсы тұрушы еді, қолымдағы қағазды ұстап, айтылған

мекенжайды бетке алдым. Қазіргі Мәуленов және Жамбыл көшелерінің қиылысындағы екі қабатты коттедж үй. Ол замандарда жазушы адамның екі қабатты үйде жеке тұруы — өте сирек құбылыс. Мұндай үй кезінде Мұхтар Әуезовте ғана болған ғой. Шамасы, Әбекен де соған еліктеп, өзіне үй салдырып алған шығар деп ойладым.

Сонымен есіктің қонырауын естіп, ілгекті ағытқан бет пішіні Әбекеннің өзіне ұқсайтын сұнғақ бойлы сұрша жігіт. Артына білсем, бұл Әбекеннің баласы Рүстем Әбділдаұлы екен. Сол замандарда кино түсіріп, режиссер ретінде танымал болып қалған кезі. Кірсем, Әбекен залда дастархан басында отыр, қасында екі-үш адам.

Менің кіргенімді көріп:

— Білем, редакцияның қызметкерісің ғой. Маған Шерхан звондап қойған, — деді ақсақал ақынымыз. Менің келуім мәнісінен жақсы хабардар екенін аңғардым да, түрегелген күйі қағазды ұсынып едім, Әбекен оған назар да салмастан: — Отыр, орыстарда «Работа не волк, в лес не убежит» деген сөз бар. Дәмнің үстіне келіп қалған екенсің, шай ішіп шық, — деді ақырын ғана.

Сөйтті де, өзі қасындағы кісілермен көңілді қалпында әңгімесін жалғастыра берді, арасында



Сабырхан АСАНОВ

кеңкілдеп күліп те қояды. Сөз аңғарынан байқағаным — бұл кісілер елден келген ескі көз таныстар сияқты.

Және жай адамдар емес, әжептәуір лауазым иелері болуы да мүмкін. Бөтен адам ғой деп менен қысылып-қымтырылмастан, еркін әңгімелесіп сөйлесіп отырды. Мен алдыма келген ыстық шайдан бірер ұрттадым да, ыстық

тамақты тоспастан, шығып кетуге тырыстым. Ондағым — «Үлкендердің қасында сұғынып отырып алғаным ыңғайсыз болар. Шаруам біткен соң, несіне кідіремін» деген ойдың қақпақылы. Бір қызығы, Әбекен мен әкелген мәтінде шұқшия үйілген де жоқ, көзділдірігін іліп, жоғарыдан төмен шапшаң сүзіп шықты да, қолын қойып берді. Рахметімді айтып мен де тайып тұрдым.

Иә, ол заманда Ғабит Мүсірепов пен

Ғабиден Мұстафиннің есімі қандай жағдайда да қатар аталып жүретін. Үлкен басшылардың, яғни Республика Компартиясының бірінші

хатшысында да, Қазақстан Жазушылар одағының баяндамасы мен белгілі сыншылардың мақалаларында да «Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин» деген есімдер қатар жазылатын, соған көзіміз де үйреніп кеткен.

Сондықтан болар, Ғабит Мүсіреповтен кейін менің бет алғаным — Ғабиден Мұстафиннің үйі. Шерағанның айтуына қарағанда, ол кісі Ғабит аға сияқты қаланың ортасында емес, сыртында алыстау бір жерде тұрады екен. «Сен өзін таба алмайсың. Онанда мына Махамбетпен бар. Бұл біледі» деп, Шераған мені өзінің «Волга» машинасына отырғызды. Махамбет — ұлты ұйғыр, мінезі қызбалау жүргізуші. Жасы сол кезде әлі қырыққа жете қоймаған жылы шырайлы жігіт. Жолшыбай ауыз жаппастан, әңгімесін айтып, оны-мұныны сөз қылып отырды.

«Әңгіме жол қысқартады» деген рас-ау, тез арасында қазіргі Таусамалы — ол кезде «Каменка» аталатын елді мекенге де жеттік. Лезде дейтінім, ол замандарда бұл ара тым алыс болып көрінетін бізге. Жеке үйлерден тұратын бір көшемен жоғары қарай, яғни онтүстікке өрлей жүріп келді де, Махамбет «шыиық» еткізіп, тоқтай қалды. Ғабиден Мұстафиннің үйі осы екен.

Қоршаудың арғы жағынан арпылдаған ит үні естіледі. Тіпті шыңжырын сылдырлатып, екілене үрген кезде сыртта тұрған адамның үрейін ұшырады. Іле-шала әлдекім: «Әй, қой! Тыныш!» деп айқайлаған соң, иттің үні де бөсенсі қалды. Іле қарды шықырлата басып, қақпаға беттеген адамның аяқ дыбысы да құлаққа тиді. Есікті ашып қалған адамды танымай мені не қара басыпты. Бұрын суреті арқылы әбден жүзі таныс болып қалған кісі енді дәл қарсы алдымда тұр.

Жағасыз кең қурайқа, басында сарғыш бөрік, аяғында кең қонышты пима, дүкендерде кездесе бермейтін шалбары да сырылған ерекше киім. Жалпы Ғабиден ағаның үсті-басындағы киімдері тұтасымен дүкенде кездеспейтін қолдан тігілген дүниелер сияқты көрінді.

Есік алдында қар тазалап жүрген беті екен. Шаруамды айтқаннан кейін қолындағы ағаш күректі бір жағына қисайтып қол салды да үйге қарай бастады. Кірген жеріміз сәл салқындау көрінді маған. Сол жерде отырып, Ғабен мәтінді тұтас оқып шықты, ештеңе жөндеген жоқ, қабағы да түйілмеді. Сол ұстамды қалпында тиісті жерге қолын қойып жатты. Бірақ шарикті қаламның сиясы қатынқырап қалған ба, бірден жұқпай, сәл қолымен жылтытып барып қол қойды.

Бәлендей тіл қатып маған үйіле де қарамады, жөнімді де сұраған жоқ, шамасы істеп жатқан шаруасына бөгет болған сияқтымыз. Сондықтан мен де рахметімді айтып, есікке қарай беттедім. Қамаулы жатқан иттің күрке ішінен қыңқылдаған дыбысы, тыпырлаған қимылының дыбысы естіліп тұрды. Ағамен қоштасып, машинаға міндік те, кері бұрылып, қалаға қарай ызғып бердік.

Міне, сол кездегі қазақтың жекелеген белгілі тұлғаларымен кездесулерімізнен кей эпизодтары осындай болды. Әрқайсысы бір ерекше сөз айтпаса да, тосын қылық көрсетпесе де, бейнелері мен сол сәттегі қалыптарты осы күнге дейін көз алдымда. Бұл күнде тозған тозығы жеткен ескі фильмнің лентасына ұқсатамын. Анда-санда есіме түсіріп қоямын. Қайран көркем сөздің шеберлері, қалай болған күнде де қазақтың бір-бір заңғар тұлғалары едіңдер-ау!

Нұрәулет АҚЫП,
ғалым, жазушы



ЕСТЕЛІК

Бір күні Одақтың алдында бастығымды күтіп отырсам, Әбдірахман Асылбеков жанымға еңтіге жетіп келіпті. «Бегдан, мен машинамды соғып алдым. Жүрші, өзін көріп, ақылыңды айтыш», — дейді. «Қайда?» деп едім, «Бір-ақ көше жоғарыда, Калининнің бұрышында тұр» деді. Айтуынша, жоғарыдан зулатып келе жатқан машина соғып кетіпті. Дереве жанымға Әбдірахманды отырғызып, машинасы тұрған жаққа жетіп бардым. Бәріне кінәлі Әбекеннің өзі екен. Тура соғылған жерде төбеде солға бұруға болмайды деген белгі тұр. Одан сәл әрірек Калинин көшесінде дөңгелек белгі және бар. Ортасында қызыл кірпіш, ол «Въезд запрещен» деген белгі. Оған тіпті кіруге болмайды. Сол жерде



— дедім. Сағи аға машинасының түзелгенін көріп, қатты қуанды. Әнуарбек аға да мәз, әлгі реніштен түк қалмай күлісіп жатыр. Жаза берсе, жазушылардың осындай хикаялары көп-ақ.

Бір күні Жазушылар одағына кіре бергенде Әбілмәжін аға «қарғам, еш жаққа кетіп қалма» деп ескертті. Содан машинада отыр едім, Тұманбай аға жанымға жетіп келді. «Бегдан бауырым, мені комитетке жеткізе салшы» деді. «Әлгінде ғана Әбілмәжін аға еш жаққа кетіп қалма деп ескертіп кеткен. Қазір аяқ асты іздеп қалуы өбден мүмкін». «Ол кісі жиналыс жасап жатыр. Мынау тиіп тұрған жері ғой, сен бес минутта қайтып ораласың», деп Тұманбай аға әй-шай жок қасыма отырып алды. Амал жоқ, апаруға тура келді. Баспа комитетіне апарып тастап қайтып келсем, Әбілмәжін аға ашулы, ана

Ағалар-ай, ағалар-ай...

бұрылып бара жатып соғылған ғой. Бірақ онша емес, машина сәл ғана зақымданыпты.

Соккан кісі еш кінәсіз болса да, Әбекен: «Мына азамат машинамың бамперін майыстырды, соны жөндеп берсін» деп тұр екен. Мәселенің мәнісін көзбен көріп, ұққан сон: «Әбдірахман аға, бәріне өзіңіз кінәлісіз. Ана кісіні тезірек жіберіңіз», — дедім. Ана кісі деп тұрғаным Әбекенмен салыстырғанда жап-жас бала. Әйтеуір, Әбекеннен құтылғанына қуанып кете барды. Содан соң Әбекеннің машинасын жолдың шетіне шығарып, сол жағындағы бамперін тартып қалып едім, бампері де, крылосы да қаз-қалпына келе қалды. Тіпті сызат түскен бір жері болсайшы Әбдірахман Асылбековті «бірінші авариясынан» өстіп құтқарғанмын.

Тағы бір күні Сағи аға келіпті. «Бегдан, сен менімен бірге жүр» дейді әй-шәй жоқ. Өзі ақ жүрек кісі еді. Жаны таза, сөзі сыпайы болатын. «Иә, аға, не болып қалды?» дедім. «Әнуарбектің машинасы оталмай тұр екен. Соны менің жигулиіммен сүйретіп, оталдырайық деп сүйреп келе жатыр едім, сигнал берді. Е, оталған екен ғой деп тоқтай салдым. Ол артымнан келіп бір-ақ соқты. Енді сенімен ақылдасуға келген себебім, соған МАИ-ды шақырамыз ба, қайтеміз?» дейді. «Аға, әуелі барып көрейік» — дедім. Екеуі көрші, оның сыртында бір-бірін қимайтын достар. Ана кісінің сигнал бергені — машинам оталды дегені. Ал мына кісі сигнал бергенде артына қарайламай машинасын кілт тоқтатқан. Әрине, содан кейін Әнуарбек аға тежегішін басып

ұлгермей соғып жүр. Барсам, екі машина да сүйретпе троста байлаулы тұр. Сағи ағаның машинасының артқы жағы ішке кіріпкіреп кетіпті. Ал Әнуарбек ағаның машинасына түк болмаған. Мен екі машинаны айналып қарап жүргенімде, екеуі әп-әжептәуір ренжісіп тұрды. «Әнеке, сен артымнан соқтың, сен кінәлісің» дейді Сағи аға. «Енді, Сағи-ау, сәл күтсейші, қазір оны Бегдан айтады ғой» дейді Әнуарбек ағамыз. Мен МАИ шақыр десем, шақырғалы тұр. Бабаларымыз қандай ақылды болған десейші, «адамның көңілі бір атым насыбайдан қалады» демей ме. Досының машинасын сүйреп оталдырып, жақсылық жасағысы келген Сағи ағамыздың машинасының арты майысқан. Бірақ Әнекен оны әдейі қакқан жоқ қой. Күлетін-ақ оқиға...

Дәл сол жерде Тұтқабай ағаның жақсы бір досына өкпелеген әңгімесі ойыма оралды. Айтуынша, ол уақытта машина да, мотоцикл де жоқ. Тұқаң ағамыздың жап-жас балаң кезі екен. Бүкіл ауылда бір-ақ велосипед болыпты. Ол Тұтқабай ағамыздың досының велосипеді. «Маған велосипедінді берші, дүкенге барып келейін» деп өтініпті Тұқаң. Анау бергісі келмейді. Тұқаң тағы сұрайды, ана досы одан бетер сазарып алады. Сонда Тұтқабай ағамыз күйіп кетіп: «Дүние деген қолдың кірі, велосипед соның бірі!» — депті.

Ол сөзді досы қатты ауырлайды. Дәл сондай жағдай. Әнуарбек аға мен Сағи аға бір-бірлеріне ренжісіп тұрғанда Сағи ағаның ашық тұрған жүк салғышының қақпағын жаба салып едім, әлгі майысып тұрған жері қалпына келіп жабыла қалғаны.

— Сағи аға, машинаңыз бүп-бүтін, енді МАИ-ды шақырмай-ақ қояйық. Екеуіміз бірігіп маған жақсылап жуып беріңіз,

жаққа, мына жаққа бір қарап мені күйіне күтіп тұр. Дәл сөйтіп ашуланғанын қол астында жеті жыл жүргізуші болғанда бір байқамаппын. Машинаға отыра қалып: «Қарғам, қайда жүрсін?»

Мен саған ескертіп едім. Қайда кеттің?! — деді. «Тұманбай аға айтқанымға көңді ме? Комитетке жеткізіп сал» деп қоймады, содан...» — дедім. Әбекеннің ашуы бәрібір қайта қоймады. «Көңілшектің арты ашық... «ЦК-ға қарай айда» деді. Ол уақытта Орталық комитет ескі алаңда. Жазушылар одағы мен екеуінің арасы таяқ тастам жер. Қонаев ағамыз қабылдауға шақырған екен, соған асығыпты.

Қысқасы, мен Әбекеннен естімеген сөзді естідім. Сол сөзі шығаймына батып, тіпті машинадан түспей отырдым, көп отырдым. Бір кезде келді-ау. «Қарғам, үйге тарт, әбетке барайық», — деді. Мәсәні мен Сәтпаевта тұратын. Тез-ақ апардым. Әдетте ол кісі өзімен бірге үнемі түскі тамаққа шақыратын. Сондай тамаша кісі еді. Роза жеңеміз тамақты екеуімізде дайындап қояды. Әбілмәжін аға маған нанға май жағып, оның үстіне сырмен қаптап, әдемі бутерброд жасап беретін. Және бір ерекшелігі, мен бірінші болып тамақ ішпей өзі дәм алмайтын. Содан соң ғана барып тамактанатын. Тамақтан кейін: «Ал, Бегдан, енді он бес минуттай жатып тынығып алайық» дейтін. Дәл осындай бастықты мен өмірімде көрмеппін. Ондай кісіні қалай жақсы көрмейсін?!

Бегдайыр ИМАНБАЙҰЛЫ

ЖАС ТАААН

XXI ғасыр — ақыл-ойдың заманы. Дәл осы ғасырда білім-ғылымы озық, техникасы мығым әл әлем алдында өлеуеті асып, көш бастайтыны анық. Ақыл-ойдың өлеуеті жағынан қазақ жастары да кенде емес. Мәселен, тоғыз жастағы Әлихан Қажатұлы өз тұрғыластарынан оза шапқан жас шахматшы.

Ол өткен аптада шахматшылар арасынан топ жарып, Алматы қаласының чемпионы атанды. Алматы қалалық №176 мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушысы Әлихан Қажатұлының жеткен жетістіктері баршылық. Былтыр 7-9 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында Испанияда өткен сайыста «Әлемдегі үздік 20 шахматшының» бірі болды. Азия елдері бойынша Тайландта үздік 10 шахматшының қатарынан көрінді. 2016 жылы Қырғызстанда өткен жасөспірімдер арасындағы халықаралық шахматшылар сайысында алтын медаль алған. 2017 жылы Ресейде өткен жарыста 4-орынға табан тіреген. 2018 жылы Дубайда өткен шахматшылар арасындағы жарыста алтын медаль иегері атанды. Биыл Шри-Ланкада өткен Азия чемпионатында — 10, Туркиядағы долада — 9 орын, Ташкентте қола медаль жеңіп алды. Бұл жас шахматшының іріктеп, талдап-таразылап алған санаулы жетістігі ғана.

Осы аптада жас шахматшыға «Сәтпей Нұртазаұлы» атындағы қоғамдық қор өкілдері арнайы төсбелгісін тағып, «Зияткер» медалімен марапаттады. Қоғамдық қор атауын алған Сәтпей Нұртазаұлына

Моңғолиядағы ең озық ауылға айналдырған. Елді, ауылды құру жолында Моңғолияның жоғары лауазымды басшыларымен бірге табан тіреп жұмыс істеген. Баянөлгей аймақтық партия комитетінің мүшесі.

Моңғолия парламентінің мүшесі, Мәжіліс депутаты болды. Осындай еңбектерін елеп, Моңғолия үкіметі «Алтын жұлдыз» орденімен марапаттаған. Тәуелсіздікпен бірге елге келіп, Атажұртында да бір кісідей еңбек етті. Талдықорған құс фабрикасында директордың орынбасары қызметін атқарды. Сол жерден зейнетке шықты. Бұл біздің Сәтпей Нұртазаұлы туралы қысқаша мәліметіміз. Ал Нұртазаұлының елі мен жері үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Оның бәрі шағын жазбамызға сыймайды. Ұрпақтары мен жерлері Нұртазаұлының ел-жұртына еткен еңбегін елеп-ескеріп, Моңғолиядағы өзі туған ауылдағы Мәдениет үйін Сәтпей Нұртазаұлының атына беріп, мүсінін қойып, қоғамдық қор құрған. Қазір бұл қоғамдық қор әр салада еңбек етіп жүрген танымалы тұлғаларға «Зияткер» төсбелгі тағып, марапаттап отырады.

Жарас ШӨКЕ



қысқаша тоқтала кетейік.

Сәтпей Нұртазаұлы Моңғолияның Баянөлгей аймағында туған, қазақтар арасынан шыққан белгілі қоғам қайраткері, жазушы. 1964 жылы, Кеңес одағы тұсында Ленинградтағы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Одан кейін Мәскеуде коммунистік партия мектебін оқыды. Баянөлгейде ауыл шаруашылығы саласында басшылық қызметтерде болған. 33 жасында өзі туған ауылын басқаруға келіп, өлеуетін арттырып, көрсеткіші ең төмен елді мекенді

ҚАЙЫРЫМДАНАН

Халық арасында «Жақсылық қылсаң — жасыр, жақсылық көрсен — асыр» деген даналық бар. Осы ұстанымға берік алматылық азамат Қайрат Құдайбергенов емес. Ол Алматы қалалық мәслихатының депутаты, кәсіпкерлігімен, жомарттығымен танылғалы бері игілікті шараларға ұдайы атсалысып, тұрмыс қиындығын көрген жұртқа көмектесіп келеді.

Жақсылық жарнамасы



Қашан да тың идеялармен елді таң қалдыра білетін кәсіпкер жақында «Жарнама құны — жақсылық» ұранмен аз қамтылған, көмекке мұқтаж, әлеуметтік деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларға қамқорлық жасаудың жаңа форматын ұсынды. Бұл бастама белгілі кәсіпкерлер арасында бірден қолдау тапты. Ендігі жерде олар өздерінің әлеуметтік паракшасында белгілі бір кәсіпорынға жарнама



жасайды. Себебі жарнама — нарық заманында кәсіпіннің дөңгелегін ілгері домалатудың негізгі құралы екені баршамызға белгілі. Ал жарнама үшін төленетін жарнаны қайырымдылыққа жұмсайды. Осылайша, алматылық ауқатты азаматтарды жақсылық жасауға шақыруда. Аталған бастама аясында, жалғыздікті қарттар мен көпбалалы отбасыларына азық-түлік, қыстық киім-кешек, сонымен қатар материалдық көмек көрсетіледі. Бағыты белгілі бастама әлі талай жанның жанына жылу сыйлары анық.

Айнұр ШАПАЙ

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2189; Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 25 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.